

ӘКІМДІКТЕР АЙНАЛЫСПАҒАН

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№14
(1717)
4 сәуір
2024 жыл
Бейсенбі

ҚАРҒЫН СУҒА ҚОЙМА САЛАМЫЗ?..

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің зардаптарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысынан кейін облыс әкімінің мәжілісінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларына су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Адам қауіпсіздігі бірінші кезектегі мәселе болғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстар қатаң бақылауда ұсталуы тиіс.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық өңірде су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейту, ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді. Жағдайды қалыпқа келтіріп, шұғыл шаралар қабылдау үшін Республикалық штаб құрылды. Осы жылдың 6 наурызынан бері Қызылорда қаласы аумағында мұз жүре бастады. Атап айтсақ, "Жетікөл-жарма" каналының сағасынан төмен 15 шақырым жерден бастау алды. 22 наурыздан бері облыс аумағындағы Сырдария өзенінің беті мұздан толықтай тазарды. Елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Бұған дейін бірнеше мәрте мәжіліс өткізіліп, мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді. Су деңгейін әуеден бақыладық. Дегенмен, апат айтып келмейді. Барлық жағдайға дайын болуымыз қажет. Соңғы күндері жаңбыр молынан жауды. Сол себепті су тасқынының алдын алу жұмыстарын қатаң бақылауда ұстау қажет", - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Әкім тапсырмасы: Мәжілісте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына су тасқынына қарсы іс-шаралардың «Жол картасына» енгізілген 5 ірі жоба бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлу жұмыстарын пысықтау міндеті жүктелді. «Қазсушар» Қызылорда филиалы теңгерімдегі су қоймаларының техникалық жағдайына қатысты зерттеулер қорытындысына сүйеніп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болмақ.

Ал, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына Жаңақорған ауданы әкімдігімен бірлесіп, "Қыраш" және "Көлтөған" су қоймаларының қауіпсіздігін қатаң бақылауға алу, "Бесарық" су қоймасынан түсетін суды қабылдауда "Манап" су қоймасының су қабылдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырылды.

Сонымен қатар Жаңақорған ауданының әкімі Мұрат Тілеуімбетовке тау бөктерін түсетін қарғын суды тиімді пайдалану үшін жасанды су қоймаларын салу жолдарын зерделеп, ұсыныс енгізу, Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаевқа су тапшылығының жылдан-жылға күрделенуіне байланысты «Құмсай» су қоймасын тиімді пайдалану шараларын қарастыру міндеті қойылды.

Сондай-ақ, облыстық ветеринария басқармасы мал басын өзектендіру жұмыстарын күшейтуі, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы жем-шөпті жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алуы керек. Облыстық төтенше жағдай департаментінің, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мамандары ертең облыс аумағындағы барлық су қоймаларының жағдайын зерделеп, қажет болса ұсыныстар енгізуі тиіс.

БОДАНОВ БОСАДЫ...

Қызылорда қалалық прокуратурасының ресми мәліметі бойынша Қызылорда қаласы прокуратурасының қадағалау актілері негізінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасау фактілерімен лауазымды тұлғалар жауаптылыққа тартылған. Нақтылағанда, Қызылорда қаласы білім бөлімінің басшысымен лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану арқылы 2022-2023жж. аралығында 5 қызметкерді конкурстық білім беру ұйымдарына педагог ретінде жұмысқа қабылдау туралы заңсыз бұйрық қабылданған.

Қадағалау актілерін қарау нәтижесінде білім бөлімінің басшысы лауазымынан босатылса, бөлім басшысының орынбасары «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Білім ошақтарын былық-шылық жайлап алғаны туралы ақпарат жиілеп кетті. Небір жаға ұстататын жағдайлар тіркеліп жатыр. Бұған бір ғана мұғалімді кінәлау, «жығылғанға жұдырық сілтегенмен» бірдей. Мәселенің түп төркінін мемлекеттік деңгейдегі идеологиялық жүйенің іріп-шіргеннен көрсек, тамырды басып, кеселді тура тапқан тәуіптің өзіндей болармыз.

Анығы, «көзге шыққан сүйелдей» бадырайып тұрған қоғамдағы індет, ашкөздік, жемқорлық, сұғанақтықтың етек жайғаны, лауазымды тұлғалардың этикадан, эстетикадан ауытқып, қол астындағыларды қойдай жуасытып, жылқыдай жусатуы қоғамдағы идеологияның

кескін-келбетін көрсетіп тұрған жоқ па? Соның бір көрінісі білім ордаларындағы лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері, әдепсіздіктері, қомағайлықтары қоғамда қызу талқыға түсуде.

Бұған дейін Қызылорда қаласында білім саласына қатысты бір емес бірнеше айтуға ауыз бармайтын жасөспірімдер арасындағы қылмыс тіркелді. Тіпті төбелестен оқушы өліміне дейін орын алды. Бұл тұрғыда облыстық білім басқармасының басшысы сол мезетте-ақ №189 мектеп директоры мен орынбасарларын қызметтен босатқаны белгілі. Әрине оқушы өліміне әкелген жағдай оңайға түспесі анық.

Бұл оқиғадан кейін де қалалық білім бөлімінің басшысы лауазымын осы уақытқа дейін сақтап қалды. Немесе Боданов мырзаның кейбір жағдайлардан хабары болмаған да сияқты.

Бейресми мәліметтерге сәйкес Ерлан Боданов ақысыз еңбек демалысына шығып, әрі қарай өзінің лауазымынан босатылған. Алдағы уақытта бір мектептің директоры болуы ықтимал деген бейресми ақпараттар тарап жатыр. Енді білім бөлімінің басшысы лауазымына кім келеді? Қайдан келеді деген сұрақ көп көкейінде жүр.

Шынында да, соңғы жылдары өңірдің білім саласындағы бейберекетсіздік қоғамда үлкен пікірталас тудырып жүр. Осындай кейбір лауазымды тұлғалардың келенсіз әрекеттерінің салдарынан саладағы жетістіктер суға сіңіп барады...

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫНДА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ САҚТАЛАДЫ МА?

Мұнай өндіруді талдау қорытындысына қарағанда, ол жыл сайын 10-12%-ға төмендеген. Өткен жылы өндіру көлемі 3,7 млрд.тонна болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға (300 мың тонна) аз. Биыл өндірістің тағы да 16,6%-ға төмендеуі мүмкін. Мысалы, «ПетроҚазақстанКүмікөлРесорсиз» АҚ бытыр 548,4 мың тонна өнім өндірді. Осы жылы болжамды өндіру 439,1 мың тонна (20%-ға төмен). Облыс әкімдігінің бастамасымен «Сырдария» және «Арал» шөгінді бассейндерін зерттеу қарастырылған. «Арал» бассейніндегі жұмыстар осы жылдың желтоқсан айында аяқталады. Ал, «Сырдария» бассейнін зерттеуге республикалық бюджеттен қаржы бөлінеді деп күтілуде.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі ірі мұнай компанияларының өкілдерімен кездесті. Кездесуге «Петро Қазақстан Инк» АҚ президенті Ян Миньюй, «СНРС» Орталық Азия және Ресей компаниясының президенті Билан Дыжы, аталған компания өкілі Ванг Хао және жауапты сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы мұнай-газ саласын дамытуда түсіністікке негізделген екіжақты қарым-қатынас маңызды екенін айтты.

«ПетроҚазақстан» компаниясы Оңтүстік Торғай бассейнінің 13 кен орнын игеруде. Қазір көптеген кен орындарындағы жұмыстар өндірістің соңғы сатысына шыққандықтан, олардағы қалдық қорды алу қиына соғуда. Жекелеген кен орындарындағы ұңғымалар 95%-ға дейін суланған. Осының салдарынан ұңғымалардың одан әрі игерілмеу және жұмыс орындарының сақталмау қаупі бар. Құрметті Миньюй мырза, барлауды тек қолданастағы келісім-шарт аумақтарында ғана емес, жаңа перспективалық учаскелерде де бастауыңызды сұраймыз. Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі көмірсутек шикізаты кен орындарын барлау құқығын іске асыру бойынша аукцион өткізуде. Қызығушылық танытып, қатысу керек. Тағы бір мәселе, газ тапшылығына жол бермеу үшін Үкімет газ кен орындарын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Осы ретте, 2022 жылы «ПетроҚазақстан Инк.» және «Түзкөлмұнайгаз» шикі газды өндіру орнына дейін құбыр жеткізу бойынша Энергетика министрлігімен меморандумға қол қойған болатын. Мәселенің өзектілігін ескеріп, құрылысты қысқа мерзімде аяқтау қажет. Облыс әкімдігі түйткілдерді шешуге қолдау көрсетуге дайын. Болашақта да біздің қарым-қатынасымыз өзара тиімді түсіністікке құрылады деп үміттенеміз», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Кездесуде Ян Миньюй аймақтағы кейбір әлеуметтік маңызды мәселелер мен жобаларға қолдау көрсетілетінін, бірлесіп жұмыс жасалатынын атап өтті.

Қызылорда қаласының әкімі

С.ҚОЖАНИЯЗОВ:

ҚАЛА ҚАЛАЛЫҚТАР ҮШІН ЖАЙЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК...

- 2024 жылға бекітілген қала бюджеті 58,2 млрд. теңге болса, бүгінгі күні 72,6 млрд. теңгеге нақтыланды. Оның ішінде қала бюджетіне республикалық және облыстық бюджеттен 31,9 млрд. теңге трансферт бөлініп, 92 жоба жүзеге асырылатын болады. Атап айтқанда 2023 жылы құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігінде 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үйдің құрылысы жұмыстарын жалғастыруға 1,7 млрд. теңге қаралды. «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында ұзындығы 18,7 шақырымды құрайтын 4 жоба жүзеге асырылады. Оған Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінді. «Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау және дамыту» бағдарламасы бойынша құны 6,2 млрд. теңгені құрайтын 19 жобаның жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталып, іске қосылатын болады.

5-бетте

- Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Бұл нені білдіреді? Болжам жұмыстары мүлдем болмаған. Жағдай салалық мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Егер өкімдіктер жыл сайын су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараны тиісті деңгейде жүзеге асырғанда, ауа-райы жағдайын ескергеннің өзінде, апаттың салдары мен ауқымы мұншалықты болмас еді. Соған қарағанда, өкімдіктер бұл жұмыстармен айналыспаған. Қазір су тасқынынан төнетін қауіп сөйілді деуге келмейді. Сондықтан Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадрлық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыру қажет. Сонымен қатар еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тарту керек. Алайда, ең бастысы – мемлекеттік органдар. Ахуал кез келген сәтте ушығып кетуі мүмкін. Қазіргі басты міндет – адам шығынына жол бермеу. Бұл орайда жіберілген қателіктер мен олқылықтарды ескеруіміз қажет.

- Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілсін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және өкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа қол ұшын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін.

- Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанатын. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазсушар, Қазгидромет) жобалау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс. Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың өкімдері жазғы маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көктем түскендей абдырап қалдыңыздар. Осы ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады.

- Құзырлы мекемелер, яғни өкімдіктер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс жасамайды. Жауапкершілік алудан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий – мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және өкімдіктер арасында нақты әрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл – министрліктің негізгі мақсаты. Осы мәселеге баса назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруға тиіс.

- Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің жұмыстарыңызды немқұрайлы және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен материалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әл-ауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су журу кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысында сөйлеген сөзінен.

МЕМЛЕКЕТ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІ КӨМЕКСІЗ ҚАЛДЫРМАЙДЫ

Осы аптаның сейсенбісінде өткен Үкімет отырысында еліміздегі су тасқыны жағдайы қаралған. Экология және Табиғи ресурстар, Су ресурстары және Ирригация министрлері, ТЖ жөніндегі вице-министр және өңірлер әкімдері баяндама жасаған.

Ресми дерек көздерінің мәліметі бойынша су тасқыны жағдайы күрделі болып отыр. Батыс өңірлерде судың шамалы төмендеуі байқалады, елдің орталық, солтүстік және шығыс бөліктерінде өзендер деңгейі қарқынды көтеріліп келеді. 5 облыс су басу аймағында қалып отыр, өкімдіктер жергілікті ауқымдағы 20 ТЖ жариялады. Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында күрделі жағдай сақталуда. Министрліктің күштері мен құралдары дереу жұмылдырылып, жіберілген.

Министрлердің баяндауында: Өңірлерде авариялық-құтқару жұмыстары жалғасуда. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар, қарттар, әйелдер мен балалар төтенше жағдай аймақтарынан бірінші кезекте эвакуацияланып жатыр. Су тасқыны кезінде барлығы 15 786 адам құтқарылды, оның ішінде 6 187-сі көмелеттік жасқа толмаған. Қазіргі уақытта уақытша орналастыру пункттерінде 4 113 адам, оның ішінде 1 911 бала бар. Су тасқыны белсенді кезеңге өтпеген елді мекендерде су басудың алдын алу шаралары күшейтілді.

- «Қазақстандықтарды өкімдіктер мен арнайы қызметтердің хабарламаларына ерекше мән беріп, олардың нұсқауларын орындауларын сұраймын. Бұл адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Эвакуациялау – бірінші кезекте!» — дейді жиында Премьер-Министр.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов зардап шеккендердің ешқайсысы мемлекет тарапынан көмексіз қалмайтынын атап өтті. Жедел ден қою және үйлестіру жұмыстарын жақсарту үшін Премьер-министрдің басшылығымен Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб жұмыс істеуде. Жиын қорытындысында Үкімет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

ТЖМ ҚМ мен ЖАО-мен бірлесіп, алдын ала эвакуациялау жұмыстарын жүргізе отырып, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды құтқару жөнінде қажетті шараларды қабылдауы керек; ТЖМ басқа да күштік құрылымдармен бірлесіп, су басқан елді мекендерде уақытты авариялық-құтқару және кезек күттірмес шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін жеткілікті күштер мен құралдар көлемін тартуы керек; Өкімдіктер Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарындағы су тасқынына ден қонды ескере отырып, елдің солтүстік, шығыс және орталық өңірлерінде су тасқынына жол бермеу жөнінде жан-жақты шаралар қабылдауы тиіс; ТЖМ мүдделі мемлекеттік органдармен және өкімдіктермен бірлесіп, 2025-2029 жылдарға арналған су тасқынының алдын алу жоспарын әзірлеуі керек; Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық экономика, Қаржы, Көлік, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Су ресурстары және ирригация министрліктері мен өңірлер өкімдіктері стихия келтірген залал көлемін бағалап, зардап шеккен адамдарға материалдық көмек көрсетуді дереу бастауы тиіс.

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 14 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 63-8/5 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8449-11 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

3-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Должность

ФИО

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЯ В РЕШЕНИЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 14 СЕНТЯБРЯ 2023 ГОДА № 63-8/5 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ ЕЕ РАЗМЕРОВ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА»

Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Кызылординского городского маслихата от 14 сентября 2023 года № 63-8/5 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8449-11) следующее изменение:

в Правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда, утвержденных указанным решением:

подпункт 1) пункта 3 изложить в новой редакции:

«1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугодателю по принципу «одного окна», обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРИХЫН БІРІНШІ БОЛЫП ЗЕРТТЕГЕН ТҰЛҒА

Қоғамда «журналистика жаңадан шыққан сөз, оның тарихы қайдан болады» деген сияқты көзқарастар бар. Бірақ біздің білетін барлық жазушы, ақын ата бабаларымыздың көбісі журналистикамен айналысқаны сөзсіз мәлім. Сондықтан да журналистика саласының тарихы біз ойлағаннан да тереңде жатыр. Кеңестік дәуірде тарих немесе басқа да саланың даму үдерісін зерттеу, оңайға соқпайтынның біле тұра, тәуекелге бел бұғандар көп. Қиыншылыққа мойымай, айтқанынан қайтпай, өз зерттеулерін соңына дейін жеткізген тұлғалар қазақ елінің жерінде мөңгі қалмақ. Міне солардың бірі Қазақ журналистикасының тарихын алғашқы болып тереңінен үтір, нүктесіне дейін зерттеп, оның даму үдерісіне үлкен үлес қоса отырып, өз еңбектерін жазған зерттеуші-ғалым Қайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин.

Ол 1910 жылдың 25-қарашасында Павлодар қаласында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Қайыр-Мұхаммед Әкесі мықты ақын Мәшһүр Нұрғожа. Ол Ақан серімен, Мәшһүр Жүсіппен айтысқан адамдардың бірі. Сәкен Сейфуллин Ақан серінің өлеңдерін жинақтап шығарған болатын. Міне сол жинақта Ақан сері мен Мәшһүр Нұрғожаның айтысын көре аламыз. Сол кездердегі әділетсіз болыстардың әрекеттерін Мәшһүр Нұрғожа әшкерелеп, сынаған ақылды әділетті адам болған. Жастайынан жазуға, зерттеуге қызыққан Қайыржан Бекхожин журналистика саласын 1929 жылы Павлодар округтік «Кенес туы», «Колхоз» газеттерінде бастады. Осы газеттерде тәжірбие алып, мақала жазып үйренген Қайыржан Бекхожин, 1939 жылы С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік университетіндегі журналистика бөліміне қабылданып, 1942 жылы оны тәмамдаған. Осыдан Қостанай облысында 1942-1945 жылдар аралығында шыққан «Большевиктік жол» атты басылымда редактор болып қызмет атқарған. Баспасөзге қызығушылығы арқан ол 1943-1944 жылдары Москваға барып ВКП(б) Орталық Комитетінің баспасөз курсына оқып шыққан. Кейін өзі білім алған ошағында «Большевиктік баспасөздің теориясы мен практикасы» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарған. 1948-1976 жылдар аралығында журналистика тарихы кафедрасында профессор болған.

Жалпы қазіргі таңда журналисттерге Қайыржан Бекхожиннің ең маңызды еңбегі «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» болып саналады. Аталмыш еңбегінде сонау 1870 жылы Ташкентте шыққан «Түркістан уәлиаты» газетінен басталып, 1958 жылға дейінгі Қазақ елінің баспасөз тарихы жазылған. Бұл еңбегі аты аңызға айналған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың, ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсаринның, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының жазған еңбектерін толыққанды зерттеген. Керек десеңіз жазған мақалаларының бәрі анық көрсетілген. «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» еңбегі қазақ баспасөзінің барлық кезеңінде қандай болғанын көрсетеді. Онымен қоса Қайыржан атамыз бірінші болып Әлихан Бөкейханның «Қыр баласы» деген бүркеншік ат қолданып, Абайдың өлеңдерін шығарғанын дәлелдеді. Бұл үшін әрине Кеңес үкіметі оны жазалаған болатын.

Тағы да бір үлкен ерлігі «Дала уәлиаты» газетінің мәнін толық ашатын диссертация жазған болатын. Бірақ бұл диссертация қорғалмай, оны дұрыс емес деп тапты. Бұл еңбегі үшін кеңес үкіметінен тағы да кешірім сұрауға тура келеген. Қайыржан Бекхожиннің еңбектері журналистер арасында үлкен орын алғаны сөзсіз түсінікті. Десе де қазір бұл керемет тұлғаның еңбегі ауыз толтырып айтатындай танымал емес. Әрине бұл өте өкінішті, бірақ нағыз журналист боламын дейтін жастар міндетті түрде Қайыржан Бекхожиннің еңбектерімен танысу болуы тиіс. Толықтай Қайыржан Бекхожиннің еңбектерімен танысу үшін Ғалия Майкотованың «Қайыржан Бекхожин- журналист, публицист» атты еңбегін оқығандар болады. Өз заманында үлкен ерлік жасаған Қайыржан Бекхожин қанша қудалауға түссе де, қанша қиындық болса да, сабырлық танытып түбінде қазақ азаматтарына өзінің пайдалы зерттеулерін қалдырып кетті. Осы еңбегін бағалап, мақтан тұтуға міндеттіміз.

Тимурова Диана Тимурқызы

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ТАБЫСЫ КӨБЕЙДІ

2024 жылдың 2 айында БЖЗҚ салымшыларының таза инвестициялық табысы 343,6 млрд теңге болды

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс БЖЗҚ салымшыларының шоттары 2024 жылдың 2 айында шамамен 343,6 млрд теңге болды және өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 139,21 млрд теңгеге немесе 68% - ға асып түсті.

Салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бастап 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1,91% құрады. 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы - 0,11%.

Инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар бойынша) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. жинақталады. ҚРҰБ және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық табыс алу мақсатында зейнетақы активтерін экономиканың түрлі

секторларының сенімді қаржы құралдарына ҚР-да және шетелде 2h түрлі валюталарда орналастырады. Осындай әртараптандыру есебінен тұрақты инвестициялық кірістілік қамтамасыз етіледі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельінің құрылымында МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша валюталар бөлінісінде АҚШ долларын да номиналданған қаржы құралдары -32,2%, ұлттық валютада - 67,8%. Зейнетақы активтерінің ЖКЗЖ бойынша инвестициялық портфельіне тек ұлттық валютада көрсетілген қаржы құралдары кіреді. Инвестициялық кірістілік 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылдың 1 наурызына еспелі қорытындымен бүкіл кезеңдегі инфляция 770,54% болған кезде 833,94% құрады. Осылайша, ұзақ мерзімді перспективада жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей келіпдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне есер еткен жекелеген кезеңде кірістілік төмендеген жағдайларда айырманың өтемақысына мемлекет келіпдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада өзінің инвестициялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер / Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген қызықты және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын БЖЗҚ / ЕНПФ YouTube-арнасында көруге болады.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны 3,05 млн бірлік болды. Онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескеріледі.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөліміне орналастырылған.

АҚЖАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ-ТОҚСАНЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдау жүргізген адамның Т.Ә.Ж лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	Сәрсенбі күні сағат 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

«НАУРЫЗ МЕЙІРІМІ»

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АҚЦИЯСЫ ӨТТІ

Сырдария ауданында 2024 жылғы 14-23 наурыз аралығында «Наурызнама» мерекесін атап өтудің іс-шаралар жоспарына сәйкес 15 наурыз – Қайырымдылық күні деп белгіленген. Осыған орай Сырдария ауданында Наурыз мерекесі қарсаңында «Наурыз мейірімі» қайырымдылық акциясы өтті. Қайырымдылық акциясы – халықтың неғұрлым әлжуаз топтары, тұрмысы төмен көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жалғыз басты қарт кісілерді қайырымдылық көмекпен әлеуметтік қолдауға бағытталды. Қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға аудан әкімі аппараты, дербес бөлімдер, кент, ауылдық округ әкімдіктері, Жастар ресурстық орталығы, Мансап орталығы, шаруашылықтар, еріктілер ат салысты. Ақция аясында аудан бойынша аз қамтылған 152 отбасына азық-түлік қоржыны берілді. Азық-түлік қоржыны бірінші қажеттіліктегі азық-түлік өнімдерін қамтыды. Халықтың осал тобын назардан тыс қалдырмау мақсатында аталмыш акциялар мереке күндері қарсаңында үнемі ұйымдастырылып тұрады.

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы негізінде Қызылжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның

ХАТТАМАСЫ

Қызылжарма ауылдық округі 01 сәуір 2024 жыл. Сағ: 10-00

Жиналыс төрағасы: Ш.Әбдірахманов – Қызылжарма ауылдық округінің әкімі.

Жиналыс хатшысы: Ж.Ерманов – жетекші маман.

Жиналысқа қатысқандар: Қоғамдық кеңес төрайымы, мүшелері, ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары. Барлығы – 35 адам.

Күн тәртібінде:

- Қызылжарма ауылдық округіндегі шартты атаудағы №37 көшесіне атау беру туралы.
- Пікір алмасу.

Тыңдалды:

Жиналысты Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Ш.Әбдірахманов ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

1. Ш.Әбдірахманов – Қызылжарма ауылдық округінің әкімі: Бүгінгі жиынның күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығының талаптарын сақтай отырып, Қызылжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып ауылдымыздағы көшеге атау беру туралы жеке тұлғадан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімдеді:

1) №37 көшесін – Қали Байменов есімімен атау беру туралы ұсынысын айтты.

Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшенің атауы мен тұлғаның еңбек жолдарымен танысып жаңадан атау беруге келіп түскен ұсынысқа толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан шешім етті.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлға атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қалалық әкімдігі жанындағы орнаестикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын.

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл әкімі Ш.Әбдірахмановтан сұралсын.

Жиналыс төрағасы

Ш.Әбдірахманов

Хатшы

Ж.Ерманов

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бейдешқызы

БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның

мекен-жайы:

Қызылорда қаласы

Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08

23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы

Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы күнелі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі

нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік

орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы

«PRINT» баспаханасында

басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,

А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың

позициясы мен фактілері үшін

редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және

авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу

үшін міндетті түрде редакцияның

рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап

бермейді

15 МЫҢ КӨШЕТТІ ТЕГІН ТАРАТТЫ



Қызылордада «Санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру» атты екі айлық акция өтуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалауда жаңадан бой көтерген автовокзал аумағына тал егілді. Оған облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Серік Қожаниязов, мәслихат депутаттары және басқарма басшылары қатысты.

Тал егу акциясы аясында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі 15 мың көшетті тегін таратты. Қазір аймақтың елді мекендерінде көшеттер отырғызылуда. Қызылорда қаласы мен аудандарда әр апта сайын тазалық сенбілігі өтуде.

Дүниежүзілік Банктің Қызылорда қаласы аумағында жасыл желек өсіру жобасына сәйкес өткен жылы көктемде Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі Тартоғай орманшылығының «Қалмас» учаскесіне 3000 гектар сексеуіл көшеті егілді. Жобаның мақсаты «Қызылорда - Жезқазған» автожолы бойына жасыл белдеу құру.

Бұған қоса осы жылдың 15 наурызынан бастап орман екпелері 300000 сексеуіл көшетімен толықтырылды. Бүгінде сексеуіл екпелері 100 пайыз егілді.

ЖЫЛУ АҚШАМЕН

ЖЫЛЫНАДЫ

Облыстық мәслихаттың кезекті XII сессиясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жылу желілерін және қазандықтарды жаңғырту мәселесіне тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Үкіметке төрт ауқымды инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. Ең алдымен, жұмыс істеп тұрған жылу орталықтарын жөндеу, инженерлік жүйелерді жаңғырту керектігі айтылды. Тозған жылу желілерін азайту үшін жаңғыртудың жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге, мемлекеттік сараптамадан өткізуге 122,5 млн.тенге қаралуда. Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 МВт болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы жүргізілуде. Жоспарланған жұмыстар толық жүзеге асуы үшін жаңа жылу-электр орталығына автоматтандырылған газ тарту станциясын (АГТС) орнатып, газ құбырын жеткізуге 925 млн.тенге бөлінуде», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Облыстық мәслихат депутаттары жылу желілерін жаңғыртуға қатысты жобаларды қолдады.

КӨЛІК КЕПТЕЛІСІН

АЗАЙТАТЫН ӨТКЕЛ

Облыстық мәслихаттың кезекті XII сессиясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласында Жанқожа батыр көшесі арқылы теміржол өткелін салу жобасының тұрғындар үшін маңыздылығына, тұрмыстық қалдықтарды шығару мәселесіне тоқталды.

«Аталған жоба жүзеге асқанда теміржолдың арғы бетіндегі «Шанхай», «Коммунизм», «Гагарин» шағын аудандарының қала орталығымен қауіпсіз көлік қатынасы реттеледі. Осы жолғы нақтылауда жобаны қоса қаржыландыруға 475,6 млн. тенге бағытталуда. Сонымен қатар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңғырту, көпір өткелдерін салу жобаларын қаржыландыруға 3 млрд.тенге бөлінуде. Жақында ғана Үкіметте тұрмыстық қалдықтарды басқару мәселелері қаралып, Қызылорда облысының оң тәжірибесін басқа өңірлерге тарату бойынша нақты тапсырма берілді. Қазір бұл бағытта 8 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бүгінгі сессияда облыс орталығын санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша халыққа қызмет көрсетуге 1,3 млрд. тенге бөлу нақтыланды», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

“ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ”

КӨЛІКТЕРІ ЖАҢАРАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті XII сессиясы өтті. Күн тәртібінде 11 мәселе қаралды. 2024 жылға арналған облыстық бюджет нақтыланып, депутаттардың назарына ұсынылды.

Аймақ басшысы денсаулық сақтау ұйымдарының санитарлық автокөліктерін жаңарту өзекті мәселенің бірі екенін айтты.

«Өкімдердің халықпен кездесулерінде тұрғындар көтеретін негізгі мәселенің бірі – облыстық және аудандық денсаулық сақтау ұйымдарын санитарлық автокөліктермен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді өздеріңіз де бірнеше рет депутат мінберінен көтеріп келесіздер. Тұрғындардың сұранысына сәйкес былтыр облыстық бюджеттен 512,5 млн. тенге бөлініп, 25 санитарлық автокөлік сатып алынды. Дегенмен, бұл саладағы көліктердің 68,4 пайызының тозығы жеткен. Автокөлік паркін жаңарту үшін 200 санитарлық автокөлікті алудың бастапқы жұмыстарына 100 млн.тенге бағытталуда», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Облыстық мәслихат депутаттары көтерілген мәселенің маңыздылығын ескеріп, қолдау білдірді. Сессияда облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбарқов, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев, облыстық мәслихат депутаты Балжан Шаменова, облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамов баяндама жасады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСЕТІН КОМИССИЯ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен және құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының қатысуымен облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Комиссия отырысында әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде деконпозицияланған ақпараттық жұмыс жоспарының орындалуы, ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу, осы саланы субсидиялауда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері қаралды.

Облыстың спорт саласына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері, құрылыс мерзімі ұзаққа созылған объектілердің қазіргі жағдайы және проблемалық нысандардың санын қысқарту бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерімен күреске қатысты қосымша ұсыныстар айтылды.

Жыныда облыс әкімі жауапты сала басшыларына ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуын қадағалауды және субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатын тиімді игеруді тапсырды. Оған қоса, спорт саласына жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою, құрылыс мерзімі ұзарған және тапсырылуы кешіктірілген әлеуметтік нысандардың сапалы аяқталуын қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

ОБЛЫС ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ТЫҢДАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды кезекті қабылдауына келушілер тұрғын үй, емделуге қаржылай көмек алу, жұмысқа орналасу және кәсіп ашу мәселелерін қозғады.

Келушілердің ұсыныс-пікірі, өтініші, сауалдары әрдайым мамандар сарабынан, талқысынан өтеді. Әрқайсының себеп-салдары

жіті зерттеліп, шешімі заң аясында қарастырылады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірме мамандар сол жерде береді. Осылайша қабылдауға жазылған азаматтың көтерген мәселесінің шешілу жолы көрсетіледі.

Бүгінгі қабылдауға жол апаты салдарынан мүгедектікке тап болған 30 жастағы қала тұрғыны мен сырқаты бар баласының отасына көмек сұрап келген азаматшаның өтініштері

зерттеліп, қаржыландыру тетіктері қарастырылмақ. Кәсіпін жүргізуге ақшалай және заңдық тұрғыда қолдау сұраған азаматтарға да заң талаптарына сәйкес келген жағдайда көмек көрсетілетіні түсіндірілді.

Тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

“ҚАЙСАРДЫҢ” ҚАРЖЫСЫ ҚАНДАЙ?

Облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысында аймақтағы спорт саласына жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері талқыланып, проблемалық мәселелер мен «Қайсар» футбол клубының қаржылық жағдайы пысықталды.

Талдау нәтижесімен мамандардың жұмысқа орналасуына, спортшылардың іссапар шығындарының мақсатты жұмсалыуына, спорт клубтарының жұмысын ұйымдастыруға қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды. Осыған орай, аймақ басшысы тиісті лауазымды тұлғаларға аталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіріп, кірелі қызметкерлерді жауапкершілікке тарту туралы тапсырма жүктелді.

Спорт – ұлт саулығының кепілі. Осы орайда, спорт саласын дамыту жұмыстары жалғасуда. 2023 жылы 23 желтоқсанда облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы құрылды. Басқарма - барлық мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Өткен жылы атқарылған жұмыстардың арқасында өңір халқының 39%-ы бұқаралық спортпен айналысуға мүмкіндік алып, олардың саны 328 597 (ауылдық жерде 192 535) адамға жетті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 12 497 адамға артқан.

Өңірде спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 44%-ға өсті. Инфрақұрылымды одан әрі дамыту, халықтың дене шынықтыру және спортпен айналысуын ынталандыру үшін аймақта заманауи спорт нысандарының саны артып келеді. “Балалар жылы” аясын-

да 80 балалар және спорт алаңы пайдалануға берілді.

Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттерден 5 458,1 млн. тенгеге 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, 9 кешен қолданысқа берілді. Сол жағалаудан халықаралық талапқа сай келетін, жүзу бассейні бар дене

Кезең	Қаралған қаржы	ҚР Премьер-лига
2014 ж.	1,38 млрд. тг.	6 орын
2015 ж.	1,42 млрд. тг.	12 орын
2016 ж.	541 млн. тг.	Қатыспады
2017 ж.	2 млрд. тг.	6 орын
2018 ж.	3 млрд. тг.	5 орын
2019 ж.	4,15 млрд. тг.	6 орын
2020 ж.	2,6 млрд. тг.	7 орын
2021 ж.	1,6 млрд. тг.	13 орын
2022 ж.	605 млн. тг.	Қатыспады
2023 ж.	1,2 млрд. тг.	6 орын
2024 ж.	1,2 млрд. тг.	

шынықтыру-сауықтыру кешенінің, осы жылы үстел теннисі орталығының құрылысы басталды.

Жақын күндері еуропалық стандарттарға сәйкес келетін, 10 000 адамға арналған заманауи Орталық стадионның құрылысы жүргізілуде. Спортшыларымыздың нәтижесі көңіл қуантарлық. ҚР Ұлттық құрама командасына облыстан 552 спортшы енген. Бүгінде 2024 жылдың басты

спорттық додасы - Олимпиада және Паралимпиада ойындарына 2 жолдама бар. Дүбірлі додада Қ.Қоңқабаев бокстан, Э.Қасқабаев, Ш.Медеуов отырып ойнау волейболынан ел намысын қорғайтын болады.

«Қайсар» командасын қаржыландыру мәселесі өзекті. 60 жылға жуық тарихы бар Сырдың бас футбол командасының жанкүйерлері жыл санап артып келеді. Биылғы маусымда Сыр спортының жанкүйерлері «Қайсардан» жақсы жаңалықтар күтеді. Жергілікті футболды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Былыттардан бері команда жұмысын ұйымдастыруда бірінші кезекте бюджет қаражатын үнемдеу, әрі сапаны арттыру міндеті қойылды.

Өткен жылы футбол клубына 1,2 млрд тенге қаралып, «қайсарлықтар» Премьер-лиганың турнирлік кестесінде 6-шы орынды иеленді. Бұл алдыңғы жылдардағы бөлінген қаражатпен салыстырғанда біршама төмен, әйтсе де көрсетілген нәтижені мамандар да, жанкүйерлер де жақсы деп бағалады.

Бұған дейін 2018 жылы футбол клубына 3 млрд тенге бөлініп, 2019 жылы 4,15 млрд тенге бөлінген.

Облыс әкімі «Қайсар» футбол командасының құрамында ойнайтын легионер ойыншылардың жалақысы жоғары екенін ескеріп, келесі жылдан бастап команда сапына жергілікті ойыншыларды тартуға және жас футболшылар клубын дамытуға күш жұмсалуды қажет екенін айтты.

Келесі жылы «Қайсарға» мүмкіндігінше жергілікті ойыншыларды тарту жолдарын қарастыру, жақсы нәтижелерге жету талабы қойылмақ.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ӨҢІРДЕ САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУҒА ҚОСЫМША РЕЗЕРВТЕР ЖЕТКІЛІКТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне ескерту жасап, нақты тапсырмалар жүктелді.

«Өңірде тиімді салық саясатын жүргізу, облыстық қаржы қазанына түсімдердің толыққанды түсуін, тиімді жоспарлануын, әрі игерілуін сапалы және нәтижелі ұйымдастыру – басты міндетіміз. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінің кіріс көзінің тиімді жоспарлануына, орындалуына жауапкершілікпен қарап, тұрақты бақылау жүргізілуі тиіс. Қала, аудандарда әрбір салық төлеуші бойынша талдау жасап, нақты ұсыныстар енгізуді тапсырдым. Әкімдерге қалаға, өз аудандарына сырттан кәсіпкерлік субъектілерін

Ресми ақпарат бойынша соңғы 5 жылда салықтық және кедендік әкімшілендіру шаралары мен оларды қосылдыру есебінен, республикалық бюджет қосымша 4 трлн теңгеге толтырылды. Биыл әкімшілендіруге арналған кіріс бойынша 1,6 трлн теңгеге жоспар құрылған. Бұл алдыңғы жылғы деңгейден 173%-ға артық. Үкімет нақты міндетке қол жеткізу мақсатында бірқатар шаралар қабылдауда.

Атап айтқанда, салықтық тексеруді белгілеу кезінде, Тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ) өлшемшарттары қайта қаралды. Енді олар, нақты іріктеу әдісімен жүргізіледі. Мәселен, 2022 жылмен салыстырғанда, салықтық тексеру саны 16%-ға азайса да, салықтық өндіріп алу екі есеге ұлғайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Мемлекеттік кірістер комитетінің барлық ақпараттық жүйелеріне, тәуелсіз IT-аудит жүргізу бойынша жұмыс басталды. Оның нәтижесі бойынша, Мемлекеттік кірістер комитетінің жаңа ақпараттық архитектурасы қалыптасатын болады. Үкіметте өткен жылында Олжас Бектенов салықтық және кедендік ақпараттық жүйелерді интеграциялауды жыл соңына дейін аяқтауды тапсырды.

салық төлеуші ретінде тіркеу бойынша тапсырма 2 апта бұрын берілді. Бұл жұмыстар әзірге тек Сырдария, Шиели аудандарында жүргізілген. Өңірде салық базасын ұлғайтуға қосымша резервтер жеткілікті. Тек уәкілетті орган жоспардың орындалуын қатаң бақылауға алып, жұмысты күшейтуі қажет», – деді аймақ басшысы.

Жыныда облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов жергілікті бюджет кірістерінің алдағы жұмыс жоспары жайлы, облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Әділбек Бекішев жергілікті бюджеттің кірістерінің орындалуы туралы баяндама жасады. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Шамшидин Әмитов айыппұлдарды толығымен және уақытылы өндіруге қандай шаралар қабылданғанына тоқталды.

Басқосуда кәсіпкерлік нысандарынан түсетін салық көлемі, әкімшілік айыппұлдарды толығымен және уақытылы өндіру, жылжымалы және жылжымалы мүлік салық салу объектісі ретінде базаға тіркеу, инвестиция көлемін ұлғайту жолдары талқыланды. Бұл Мемлекет басшысы мен Үкімет басшысының тікелей қатаң бақылауында болғандықтан, әрбір инвестициялық жобаны «қолмен басқару», оны сүйемелдеп, туындаған мәселелерін заң аясында шешу қажет.

Мәжіліс қорытындысымен барлық деңгейдегі әкімдерге, жергілікті атқарушы, кірістер органдарына салық базасын кеңейту үшін нақты ұсыныстар әзірлеп, сырттан кәсіпкерлік субъектілерді тіркеуді тұрақты түрде жүргізу тапсырылды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, полиция, мемлекеттік кірістер департаменттері кәсіпкерлік нысандардың салықтық аударымдарын толық төлеуін қадағалауы тиіс. Ал, салалық басқармаларға бөлінген кредиттер, гранттар, субсидиялар бойынша ақпаратты, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, шығармашылық және спорттық тапсырыс, инвестициялық жобалар бойынша мәліметтерді мемлекеттік кірістер департаментіне ұсыну міндеттелді.

Облыс әкімі салық базасын ұлғайтудың өңір экономикасы үшін маңызын атап өтіп, мақсатқа қол жеткізу жолында барлық деңгейдегі әкімдер өз қызметі шегінде облыс бюджетінің кіріс бөлігін толықтыруға аса жауапкершіліктен қарауы қажет екенін ескертті.

Қызылордада облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевтің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Даму институттары өкілдерінің инвестиция тарту, өнеркәсіпті дамыту және экспортты өлгілету бойынша мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіретін өңірлік семинар-тренинг өтті.



ҮШ ЖАҚТЫ “ЖОЛ КАРТАСЫНА” ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық кезеңді бастау туралы тапсырма беріп, өңірлерде жеке және шетелдік инвестициялар көлемін арттыруды, ол үшін біртұтас экожүйе қалыптастыруды, даму институттары мен бизнес арасында тиімді диалог орнатуды атап өткен болатын.

Осыған орай жергілікті атқарушы органдар, өңірлік даму институттары және бизнес-қауымдастық өкілдерімен өзара тығыз байланыс орнату мақсатында «Kazakh Invest» ҰК», «Бәйтерек» ҰБК», «Қазақстанның даму банкі», «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Kazakh Export» ЭСК», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» және «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамдарының өкілдері облысқа арнайы жұмыс сапарымен келді.

Семинарға қала және аудан әкімдерінің жауапты орынбасарлары, қаржы ұйымдары және банк басшылары, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ-ның Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары бойынша өңірлік директорлары қатысты.

Іссапар аясында 100-ден аса қатысушыға өңірлік семинар-тренинг пен B2G кездесулер өткізіліп, өндірістік нысандарды аралау жоспарланды. Семинарда «бір терезе», «жасыл дөліз» қағидаларына сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асыру, өнеркәсіп саласын дамыту және шикізаттық емес экспорт көлемін арттыру бағытындағы мемлекеттік қолдау шаралары түсіндірілді.

Қорытындысында Қызылорда облысында алдағы уақытта жүзеге асырылуы жоспарланған 17 инвестициялық жоба бойынша облыс, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары мен кәсіпкерлер арасында үшжақты «Жол карталарына» қол қойылды. Бұл іс-шаралар облыстың бизнес ахуалын жақсартуға және инвестициялық белсенділікті арттыруға жаңа серпін береді деп күтілуде.

“ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛОРДА” КӨГАЛДАНДЫРУДЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Қала әкімдігінің өткен жиынында жаңадан құрылған “Жасыл Қызылорда” мекемесінің басшысы Ә.Мампаев мекемені құрудағы мақсат пенен оның атқаратын жұмыстары туралы кеңірек айтып берді. Әрине қазіргі кездері көгалдандыру жағдайы сын көтермейтін Қызылорда қаласы үшін “Жасыл Қызылорда” жақсы жаңалық болып тұр. Дегенмен көпшілік арасында мекеменің жәй-жапсарын білмек ниетте сұрақ қоюшылар да бар. Осы ретте Мампаевтың жиында айтқанын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Жылда көркейту-көгалдандыруды күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс ұйымдастырылып, мемлекеттік сатып алу барысында қорытындысы кеш анықталып, соңында аяқ су беру, көгалдандыру және егу жұмыстарының уақытылы орындалуына кері әсерін тигізіп келген болатын.

Осындай мәселелердің шешімін табу мақсатында биылғы жылы «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, қазір жоспарға сәйкес жұмыстар атқаруда. Мәселен, қаланың көркейту және көгалдандыру жұмыстарын үйлестіру үшін жергілікті бюджеттен 686,2 млн теңге қаржы қарастырылып, оның ішінде 200 қызметкердің айлығын қамтамасыз ету мақсатында 370,8 млн теңге, әкімшілік ғимаратына қажетті жиһаздар сатып алуға 5,8 млн теңге және мекемеге гүлдер, ағаш көшеттері, тыңайтқыштар, сонымен қатар құрал-жабдықтар сатып алуға 209,1 млн теңге қаражат бөлінді.

Сонымен қатар қаланы аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында қажетті материалдар сатып алу мақсатында жергілікті бюджеттен қосымша 100,5 млн теңге қаржы бөлінді. Қазір мемлекеттік сатып алу жоспары бекітіліп, бағалау әдісі арқылы жариялау жұмыстары жүргізілуде.

«Жасыл Қызылорда» мемлекеттік мекемесінің негізгі жұмыстарына қаламыздың каналдар мен арық жүйелерін тазалау, жер асты ұңғыма және насос арқылы аяқ су беру, сквер аллеялар мен орталық көшелердегі гүлзарларға гүл егу, көгалдарды күтіп ұстау сондай-ақ құраған ағаштарды кесіп, балақтау кіреді. Осы аталған жұмыстар ағымдағы жылдың басынан бастап жүргізілуде.

тиісті жұмыстар уақытылы атқарылуда және бұдан бөлек «Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімі арқылы тұрғындардан түскен өтініштерге сәйкес, қаладағы құраған және адам өміріне қауіп төндіретін жерлердегі талдарды кесу немесе балақтау жұмыстары атқарылып келеді.

2022-2023 жылдар аралығында 27 бұрғылау жұмыстары жүргізілген ұңғымалармен қатар, бұрыннан аяқ су беріліп келе жатқан ұңғыма-

2022 жылы 13 ұңғыма орнатылып, оның 6-ы қазір аяқ су беруге дайын және 3-еуі электр жүйесіне қосылмаған. Ал қалған 4-і түрлі себептермен жұмыс жасап тұрған жоқ.

2023 жылы 14 ұңғыма орнатылып, оның бірде біреуі электр жүйесіне қосылмаған. 51 сквер-аллеялар орналасқан аумақтарда гүлдер мен газондардың өсілетін көлемі 54 мың шаршы метр.

Қала аумағының орталығындағы арық жүйелерінің жалпы ұзындығы 54,6 шақырым.

ларға да мекеме мамандары аяқ су беру маусымына байланысты дайындық жұмыстарын ұйымдастыруда.

Жалпы қалаға Сырдария өзені және каналдар арқылы арнайы 19 жерден насос қондырғыларымен аяқ су беру жоспарлануда. Атап айтқанда оның 3-еуі дизелдік отынмен және

Қызылорда қаласы әкімдігінің кезекті жиынында «Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» басшысы Ж. Файзуллаев баяндама жасап, қаланы абаттандыру бағытында биылғы жылы жүзеге асатын жобаларды нақтылады. Абаттандыру, көгалдандыру бағытындағы әрбір жоба тұрғындардың жергілікті билікпен кездесулерінде айтқан ұсыныс-пікірлері негізінде қалыптасқаны белгілі. Осы орайда жөнделетін, жаңғыратын көшелер, үйлер, жалпы абаттандыру барысын білгісі келетін тұрғындардың сұрауына орай биылғы жылы қала бойынша жасалатын жұмыстар жайын жариялап отырмыз.

АБАТТАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ - ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ

Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен А. Байтұрсынов көшесіне дейін, Ы. Жахаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін абаттандыру жобасына жалпы сметалық құны 1 130 000,0 млн. теңге бөлініп, мердігер мекеме «Техоснастка-ремсервис» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Жоба бойынша субұрқатары аумағына брусчатқалар, жолжиет тастар орнатылады. Жарық диодты шамдар қойылып, газондар,

Толыбеков 14,45,53; Усербаев 15,17,17А,21 жұмыстары қаралуда. 4 көпөтерлі тұрғын үйдің ауласын күрделі жөндеу жұмыс жобасы қаралуда.

Сметалық құны 127,8 млн. теңгені құрайтын қалаға қарасты Тасбөгет кентіндегі 6 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын бастауға қалалық бюджеттен 1,0 мың теңге бөлініп, мердігер мекеме «Әлем Транс Жол» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

«Авангард ПГС» ЖШС-мен шарт жасалды. Құрылыс жұмыстары сәуір айында басталатын болады.

Бұдан бөлек облыстық бюджеттен бөлінген 686,7 млн. теңгеге қосымша Әбуов к-сі 3 ірлендірілген квартал №8, Әйтеке би №36, 38, 42, Ақмешіт №2, 3, Бегім ана №10, 12, 12 А, Титов, Жаңақұрлыс №11, 15, 19, 22, Желтоқсан №104А, Лиясов №18, 31, Қоғалы №1, 2, 3, 5, Қорқыт ата №15, 17, 21, Мерей №4, 6, Пәрімбетов №2, 5, 29, Тоқмағанбетов №1, 22, Толыбеков



көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімделер орналастырылады. Ы. Жахаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады.

Н. Назарбаев даңғылының аллеялары, Саламатов көшесі мен Журба көшелерінің қиылысында орналасқан аллеяны абаттандыру жобалары бойынша және қалада 6 жылы аялдама орнату жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесіне сәйкес мердігер мекеме анықталғаннан кейін жобалар жүзеге асырылатын болады.

Аулаларды абаттандыру бойынша, Әйтеке би көшесі №5, Қазантаев көшесі №31, Айтбаев көшесі №29, Төле би көшесі №114, №137А, №141, №145, №136А, №138Б, Шуғыла шағын ауданы №6, Титов шағын ауданы №28, №31, Сырдария шағын ауданы №1, №2, №3, №4, №5, №6, №14А мекенжайындағы көпөтерлі тұрғын үйлердің аулаларын «ДаренСтрой» ЖШС абаттандырады.

Әйтеке би көшесі №5, Төле би көшесі №114, №139, Торайғыров көшесі №55, Сырдария шағын ауданы №19, Титов шағын ауданы №28, №30, №31, Мүсірепов көшесі №20, Сол жағалау шағын ауданы №28 мекенжайындағы көпөтерлі тұрғын үйлердің балалар ойын алаңдарын күрделі жөндеу жұмыстарын «Авангард ПГС» жүргізеді.

Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыру бойынша Әбуов 3 ірлендірілген квартал 8; Әйтеке би 36,38,42; Ақмешіт 2,3; Бегім ана 10,12,12А; Желтоқсан 104А; Лиясов 18,31; Қоғалы 1,2,3,5; Қорқыт ата 15,17,21; Мерей 4,6; Парымбетов 2,5,29; Тоқмағанбетов 1,22;

Қалаға қарасты Белкөл кентіндегі Әбдіқалыров көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін қалалық бюджеттен 62,3 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Мердігер мекемемен шарт жасалғаннан кейін, құрылыс жұмыстары басталағын болады.

Қала көшелерін жарықтандыру үшін барлығы 1281,5 млн. теңге бөлінген. Атап айтқанда, Қызылорда қаласындағы 52 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық және облыстық бюджеттерден 1262,5 млн. теңге бөлініп, мердігер мекеме «Энерго Мера» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Қаламыздың шет аймағындағы Бокин және Сығанақ көшелеріне жарық бағаналарын орнату үшін қалалық бюджеттен 18,9 млн. теңге бөлініп, мердігер мекеме «Айсұлтан Компания» ЖШС-і және «Энергиянұр» ЖШС-мен шарт жасалды. Құрылыс жұмыстары сәуір айында басталады деп жоспарлануда.

Қала көшелерін, көпқабатты тұрғын үйлерді және аулаларын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 3 972,0 млн. теңге бөлінді. Атап айтсақ, құрылысы өткен жылы бастау алған қаладағы 19 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 237,1 млн. теңге бөлініп, мердігер мекеме «ДаренСтрой» ЖШС-і құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Қала аумағындағы Әйтеке би №5, Төле би №114, 139, Торайғыров №55, Сырдария №19, Титов №28, 30, 31, Мүсірепов №20, Сол жағалау 28. Жалпы осы 10 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 375,4 млн. теңге қаралып, мердігер мекеме

№14, 45, 53, Усербаев №15, 17, 17 А, 21 15 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдары қайта жаңғырту бойынша мердігер мекеме «Азамат Құрылыс» ЖШС-мен шарт жасалды. Құрылыс жұмыстары сәуір айында басталады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар облыстық бюджеттен бөлінген 140,3 млн. теңгеге 4 көпөтерлі тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда.

Сондай-ақ, құрылыс жұмыстары өткен жылы бастау алған қала орталығында орналасқан 16 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттеріне күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 236,6 млн. теңге бөлінді. Д. Қонаев №24, Абай даңғылы №34, 28 «А», Тоқмағанбетов №3, 18, 25, А. Байтұрсынов №44, 42, 40, Қазыбек би №22, 24, 43, Яссауи №24 «А», 24 «Б», 44, 45 үйлердегі күрделі жөндеу ағымдағы жылдың сәуір айында аяқтау жоспарлануда.

Көпөтерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 697,1 млн. теңге бөлінді.

Қожа Ахмет Яссауи көшесін абаттандыруға облыстық бюджеттен 72,5 млн. теңге қаралып, мердігер мекеме «Бест Групп Инжиниринг» ЖШС-мен келісім шарт жасалды.

Н. Назарбаев даңғылын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 262,9 млн. теңге бөлініп, мердігер мекеме «Дарен Строй» ЖШС-мен келісім шарт жасалды.

Мешенат Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен 1 млрд. теңгеге және облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд. теңгеге орталық алаң абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Замануи дизайнмен жүзеге асырылып жатқан орталық алаңда жуық арада пайдалануға беріледі.

Абаттандыру жұмыстарына 2023 жылы 646,1 млн. теңге бөлінді. Атап айтқанда, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, машина және механизм қызметі, брусчатканы ағымдағы жөндеу, қоршауларды жуу мен сырлау, ескерткіштерді, су бұрқақтарын, аялдамаларды, аллея мен скверлерді, Қызылорда қаласының паспорттарын, контейнер алаңдарын, бильбордтарды, ҚР Тұңғыш Президенті саябағын, қаладағы балалар ойын алаңдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды.

Сонымен қатар облыстық бюджет қаражаты есебінен 2020 жылы бастау алған Ы. Жахаев, Әйтеке би, Бұқарбай батыр көшелері, орталық стадион аумағын абаттандыру жұмыстары және қаладағы 5 көшеге жарық бағаналарын орнату жұмыстары жүргізіліп, облыстық бюджеттен осы жұмыстарды толығымен аяқтауға 237,0 млн. теңге қосымша қаржы бөлінді.

Аталған жобалардың ішінен қазіргі таңда Әйтеке би көшесі және қаладағы 5 көшені жарықтандыру жұмыстары толығымен аяқталды. «Қызылорда қаласы, С. Бейбарыс көшесін Н. Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін абаттандыру» жұмысы жобасы бойынша

сараптаманың оң қорытындысы алынып, жалпы сметалық жоба құны 1 741,7 млн теңгені құрайды. Конкурстың нәтижесі бойынша «ТехоснасткаРемсервис» ЖШС жеңімпаз атанып, қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын толығымен аяқтады.

Қаладағы ұзындығы 30 шақырым болатын 18 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу үшін облыстық бюджеттен 690,0 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «Қызылорда жолдары» ЖШС және «Ақнұр-Авто» ЖШС мекемелерімен келісім шарт жасалып, жұмыстары толық аяқталды.

Сондай-ақ қала аумағындағы 17 көпқабатты тұрғын үй аулаларын күрделі жөндеу үшін облыстық бюджеттен 800,0 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «Азамат-Құрылыс» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар 2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына облыстық бюджеттен 318,0 млн теңге бөлініп, жобаның басым көпшілігі абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына бағытталды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 19 жоба жүзеге асырылды.

№	Насос қондырғысының орналасқан жері	Түрі	Насос саны	Аяқ су берілетін аумақ
1	Өуежай	Дизель	1	Өуежайға барар жолдағы жасыл белдеу аумағы
2	Жаңадария	Электр	1	Өуежайға барар жолдағы жасыл белдеу аумағы
3	Тұңғыш президент саябағы	Дизель	1	Саябақ аумағы
4	Наурыз елді-мекені	Электр	1	Наурыз елді-мекенінің аумағы
5	Сыр ана монументі	Дизель	1	Арай мөлтек ауданы
6	Тасбөгет кенті	Электр	3	Тасбөгет кентінің аумағы
7	Жібек жолы каналы	Электр	4	Назарбаев, Астана даңғылдары, Желтоқсан, Мұратбаев көшелері
8	Тәуелсіздің даңғылы	Электр	1	Сарқырама каналы арқылы орталық аумақ
9	Қорқыт ата монументі	Электр	1	Ескі базар, Шымбай мөлтек аудандары
10	Қызылжарма каналы	Электр	4	КБИ, Шанхай мөлтек аудандары (Алишынбаев, Тоқтаров, Қажымұхан, Маханбет)
11	Қарауылтөбе ауылы	Электр	1	Қарауылтөбе ауылының аумағы
Барлығы			19	

Атап айтқанда, қаламызда орналасқан Жібек жолы және Сарқырама каналдары толық тазаланып, қазіргі уақытта Қызылжарма, Қалалық, Табиғат каналдары мен қала ішілік арық жүйелерінде бекітілген кестеге сәйкес күнделікті тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Орталық көшелердегі талдарды балақтау жұмыстары 2024 жылдың ақпан айында бекітіліп,

№	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	Қызылорда қаласын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында құрал-жабдықтар сатып алуға	79 528,0
2	Су тығыздағыштарын орнату (монтаж гидрозатворов)	21 061,0
Барлығы		100 589,0

16-сы электр жүйесімен жұмыс жасайтын насос қондырғылары болып табылады.

Бұдан бөлек, Қызылорда қаласы аумағына 2024 жылдың көктем-күз айларында 8000 ағаш көшеттерін егу жоспарланды. Оның ішінде ауа райына қолайлы, құрғақ, ыстық, шөлге төзімді сыр талы, терек, қарағаш және сәндік ағаш көшеттері отырғызылатын болады.

Қаланы көгалдандырумен қатар аяқ су мәселесін шешумен айналысатын «Жасыл Қызылорда» мемлекеттік мекемесінің ашылуы жұрт үшін биылғы жылғы жағымды жаңалық болып тұр. Алдағы уақытта қала тұрғындарының үміттерін ақтау үшін аурудан ада, құрты жоқ ағаштарды егіп, қаламыздың гүлденіп-көгалдануы жолында нәтижелі жұмыстар атқарылады.

БАҚША ЕГУГЕ ЖЕР БЕРІЛЕДІ

Қалаға қарасты Қарауылтөбе және Ақсуат ауылдық округтерінен маусымдық кезеңге картоп, көкөніс және бақша дақылдарының егісін егуге 10 гектардан барлығы 20 гектар (әр отбасыға 10 сотық) жер көлемінде егістік жер бөлінетіндігін хабарлаймыз.

Бақшалық егін егуге ынта білдірген қала тұрғындары Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» КММ-нің 27-11-58 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

Мекенжайы: Қазантаев көшесі № 43

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

МАУСЫМДЫҚ КЕЗЕҢГЕ КАРТОП, КӨКӨНІС ЖӘНЕ БАҚША ДАҚЫЛДАРЫН ЕГУГЕ ӘР ОТБАСЫҒА УАҚЫТША 10 СОТЫҚ ЖЕР БЕРІЛЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙМЫЗ!

Қалаға қарасты Ақсуат және Қарауылтөбе ауылдық округтерінен

Қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі, Қазантаев көшесі №43, 27-11-58

Қызылорда қаласының әкімі С.ҚОЖАНИЯЗОВ:

ҚАЛА ҚАЛАЛЫҚТАР ҮШІН ЖАЙЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Өткен аптаның сәрсенбісі күні қала әкімі Серік Қожаниязов қалалық қоғамдық кеңес мүшелерінің алдында өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

Алдыңмен шаһар басшысы өткен жыл толайым табыстарға кенелген берекелі кезек болғанын атап, өтіп атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Былтырғы жылы өңдеуші өнеркәсіп көлемі 5,6 пайызға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 8,0 пайызға, инвестициялар тарту 18,2 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 6,8 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі 23,3 пайызға және сауда көлемі 3,9 пайызға артқанын айтты. Ал өткен жылғы бюджет 96 млрд теңгеден асты. Ол 2022 жылғы 355,8 млрд теңгенің жобалары сәтті басталып, 113 млрд теңгесі ігерілді.

Тұрғын үй құрылысын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен 22,8 млрд теңгеге 2424 пәтерді құрайтын көпқабатты 39 тұрғын үй бой көтерді. Өткен жылы 1486 пәтерді құрайтын көпқабатты 23 тұрғын үйі пайдалануға берілді.

Сол жағалаудан құны 2,4 млрд теңгені құрайтын «Оқушылар сарайы» және құны 7,9 млрд теңге болатын 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы биыл аяқталып, ел игілігіне табысталады. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша бастау алған білім нысандарының 5-еуін биыл аяқтау жоспарланып отыр. Қалған 3 мектептің құрылысы биыл басталып, келер жылы тапсырылады. Облыс әкімінің тапсырмасымен үш ауысымдық оқуды болдырмау мақсатында облыстық бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлініп, Абай атындағы №2, С.Толыбеков атындағы №3, Ә.Мүсілімов атындағы №101, Т.Есетов атындағы мектептерге қосымша ғимараттар салынды. «Бөйтерек» мәлтек ауданындағы құны 1,3 млрд теңгені құрайтын 600 орындық мектеп те оқушыларды қабылдап, жұмысын бастап кетті. Осындай халық сұранысына қажетті ғимараттардың құрылыстары биыл да жалғасын табады. Яғни Сол жағалаудан құны 4,8 млрд теңгені құрайтын музыкалық колледждің құрылысы қарқын алды. Оның алғашқы жұмыстарына 904 млн теңге бөлінді.

Құны 2,9 млрд теңге болатын «Облыстық қан орталығының» құрылысын аяқтау биылға жоспарланған. Жоба құны 36,4 млрд теңгені құрайтын бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салынууда.

Баймұрат батыр ауылында салынып жатқан дорігерлік амбулатория жакын күндері пайдалануға беріледі. Оған бөлінген қаражат көлемі 422,5 млн теңге. Осы құрылыспен қатар жүрген Қошынұра ауылдық округіндегі медициналық бекет сәуір айында табысталады.

568,1 млн теңгеге Талсуат пен Қарауылтөбе ауылдарынан 150 орындық клуб пайдалануға беріліп, мәдениет пен руханиятқа үлкен сый болды. Игі бастамалар жалғасы Тасбөгет кентінде де орын алды. Яғни, облыстық бюджеттен бөлінген 514,5 млн теңгеге стандарттарға сай дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Ал, «Самұрық-Қазына» қоры болса өз есебінен 239 млн теңге бөліп, Ақсуат ауылдық округінен жана спорт кешенін салды. Кәсіпкер-меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынған құны 1,7 млрд теңгені құрайтын «Анаға тазғым» орталығы қала халқына ерекше тарту болды. Спорттық ойындардың бірі - үстел теннисі де бас шаһарда дамитын болады. Биыл сол жағалаудан жана үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Бюджеті 2,7 млрд теңгені құрайды, оның жартысы «Самұрық-Қазына» қоры арқылы бөлінді. Сонымен қатар дәл осы аумақтан құны 21 млрд теңге болатын 7 000 орындық стадионның құрылысы басталды.

Облыс әкімінің үйлестіруімен «Акса энерджи» түрік компаниясы құны 215

млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының құрылысын бастады. Ол 2025 жылы іске қосылып, қаланы сапалы жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етпек. Меценат Болат Өтемұратовтың қолдауымен басталған, құны 15,7 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы да таяу күндері алғашқы жолаушыларын қабылдайды. Сырдария өзенінің сол жағалауынан іргесі қаланған жана автовокзалдың да жакын күндері игілігін көреміз. Құны 975 млн теңгені құрайтын сапаржайды барлық стандарттарға сай деуге болады. Темір жол қақпасы вокзал ғимараты мен аумағы жана ша кейіпке енді. Оның жөндеу жұмыстарына демеушілер 255 млн теңге, «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 322 млн теңге бөлді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

5,7 млрд теңгеге Сырдария өзенінің сол жағалауында басты көше жолының Батыс

абаттандырылды. Жобаға 200,0 млн теңге жұмсалды.

Тозығы жеткен ауыз су және көріз су желілерін қайта жаңғыртуға республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 3,8 млрд теңге қаралып, қала аумағындағы коммуналдық желілер жаңаланды. Тұрғындардың 100 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылды.

Қосшыныра ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендеріне газ құбырын жүргізу үшін республикалық және облыстық бюджеттен 629,2 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Бүгінде ауыл тұрғындары көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Қала бойынша газбен қамту көрсеткіші 93 пайызды құрады.

Жылу желілерін қайта жаңғыртуға 8 жоба әзірленіп, оған республикалық бюджеттен 8,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде ең өзектісі С.Бейбарыс көшесінің бойындағы жылу құбырлары жер астымен жүргізілді.

ша құны 10 млрд теңгені құрайтын 800 пәтерді сатып алуға бюджеттік өтінім ұсынылды. Қаланы абаттандыру және көгалдандыру бағытында 7,5 млрд теңге қаралды. Қаланы көгалдандыру жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Мекемеге 2024 жылға жалпы жергілікті бюджеттен 702,2 млн теңге қаралды. Бүгінгі таңда әуежай бойында орналасқан «Табиғат», «Жібек жолы» және Қызылжарма каналдарын тазалау жұмыстары жүргізіліп, арықтар мен каналдарға аяқ су жіберілуде. Қала аумағындағы 10 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 375,4 млн теңге қаралды. Бұдан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген 686,7 млн теңгеге қосымша 15 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдары

млрд теңге қаралды. Оған құны 192,8 млн теңгеге «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының бойында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірі салынатын болады. Қазіргі таңда, мердігер мекеме анықталып, жакын күндері құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алады.

Қаланың негізгі көшелерінің бірі болып саналатын 2 жолақты көшелерді 4 жолақтыға кеңейту жұмыстары қолға алынды. Бүгінгі таңда, жоба құны 3 млрд теңгені құрайтын ұзындығы 2,9 шақырым болатын Қожа Ахмет Яссауи көшесі және құны 434,4 млн теңгені құрайтын ұзындығы 2 шақырым болатын Е.Көшербаев көшесін қайта жаңғырту үшін республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаралып отыр.

Одан бөлек, ұзындығы 3,3 шақырым болатын Жаппасбай батыр көшесі, ұзындығы 7 шақырым болатын Тәуелсіздік даңғылы ұзындығы 13 шақырым болатын жана әуежай терминалына баратын жол және ұзындығы 9,8 шақырым болатын «Қызылорда - Құмкөл» автомобиль жолының көлік жолайрығынан бастап Құмкөл кіре-беріс жолына дейін қайта жаңғырту жұмыстарын жүзеге асыру жоспарланды. Қазіргі таңда, жобалардың тиісті құжаттары әзірленіп, рәсімделуде. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін жол салуға республикалық бюджеттен 200 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қала аумағындағы ұзындығы 46,1 шақырымды құрайтын жалпы сомасы 4,4 млрд теңгеге 35 көшені орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Облыстық бюджеттен бөлінген 137,4 млн теңге 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстарына салынууда. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың мамыр айында аяқталады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында биыл барлығы 16 жобаға 1 млрд 234 млн теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд теңгеге, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 587 млн теңге бюджеттік өтінім ұсынылды. Қызылжарма ауылдық округіндегі 5 көшені күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 587 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда ауылдық округтердегі 16 жобаның мердігер мекемесі анықталды, 5 жобаның жұмысы жүргізілуде.

- Биылғы міндеттер өте ауқымды. Осы жобалардың жүзеге асуына бірге күш салатын боламыз. Қазір Қызылорда қаласында қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Мемлекеттік мерекелер өз деңгейінде аталып өтілуде. Шаһарымызды көркейтуді көгалдандыру бағытында тұрақты түрде сенебілік жұмыстары ұйымдастырылуда. Қаламен қатар көктемгі дала жұмыстары да жанданды. Дикандарымыз биыл 8677 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланды. Оның 3614 гектары күріш, деп Серік Қожаниязов баяндамасын қорытындылады.

Жыны соңында ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, мүгедектігі бар азаматтарға қолдау көрсету жайы талқыланды. Сонымен қатар иесіз жануарларға қатысты мәселелер көтерілді.

- Қала көшелеріндегі қаңғыбас иттерді жоюдың қандай жолдары бар? Қазір арнайы мамандардың қолдарында дәріменен ұйықтатып ешқандай құрал жоқ. Басқа жағдай жоқ. Тек жабайы түрде жұмыс жасап жатыр. Бұл - өте өзекті. Өзінің білесіз жақында әлеуметтік желіде кішкентай баланы ит талап жатқаны туралы таралды,- деді қоғамдық кеңес мүшесі Сәкен Алдашбаев.

- Қаңғыбас ит-мысықтар өте күрделі мәселе. Осы екі жылдың көлемінде Жануарларды атуға тыйым салынды ғой. Соған байланысты проблема бар. Бұрын енді бюджеттен қаржы бөліп, қаңғыбас иттерді ататын едік қой. Қазір енді заң бойынша тыйым салынған. Енді онымен тек кез-келген адам емес арнайы мамандар ғана шұғылданады. Соған бюджеттен тыс көздерден көмектесіп жатырмыз,- деп жауап берді қала әкімі.

Өз кезегінде қоғамдық кеңес мүшелері ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар қала басшысының қолға алған игілікті бастамаларына сәттілік тілеп, шаһардың дамуы үшін бірлесіп жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Мұхаммедшах КАЮП



Еуропа-Батыс Қытай дәлізімен жанасатын көлік айырығы пайдалануға берілді. Құны 10,6 млрд теңгеге қала, оған қарасты кент және ауылдық округтердегі жалпы ұзындығы 185,7 шақырым болатын 269 көшеге орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар 690 млн теңгеге 19 көшеге жаяу жүргінші жолы салынды. Бұдан бөлек, құны 350,1 млн теңгеге «Бөйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірі табысталды. 304 млн теңгеге Ф.Мұратбаев көшесі мен А.Яссауи көшелерінің қиылысындағы темір жол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір пайдалануға берілді.

Меценат Аскар Әубәкіровтың демеушілігімен 1 млрд теңгеге және облыстық бюджеттен бөлінген 329,2 млн теңгеге орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Замануи дизайнмен жаңыратын орталық алаңның құрылысы биылғы мамыр айында аяқталады деп күтілуде.

Облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн теңгеге қала аумағындағы көпқабатты 17 тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жүргізілді. Сол жылы облыстық бюджеттен қосымша 403,5 млн теңге қаралып, 19 үйдің ауласын абаттандыру ісі жалғасты. Халық ықыласын білдірген абаттандыру бастамасы биыл аяқталды.

Жана жобалардың бірі-көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін пансельдермен қаптау болатын. Облыстық бюджеттен бөлінген 693,6 млн теңгеге көпқабатты 16 тұрғын үйдің қасбеті жаңалануда. Ал, өткен жылы демеушілер есебінен 26 көпқабатты тұрғын үй мен 3 әлеуметтік нысанның сыртқы қасбеттері қапталған болатын.

Ауқымды жұмыстардың бірі - Сұлтан Бейбарыс көшесін абаттандыруға 1,6 млрд теңге бөлініп, толығымен аяқталды. Сол жағалаудағы Абылай хан даңғылы да абаттандырылды. Оған бюджеттен 564,8 млн теңге қаралған. Абай даңғылындағы №47 «А, Б, В, Г» көпқабатты тұрғын үй ауалары демеушілікпен толықтай

Республикалық бюджеттен бөлінген 773,8 млн теңге қаражатқа көптегерлі 12 тұрғын үй қайта жаңғыртудан өткізілді.

2022 жылы лизингке 150 автобус сатып алуға облыстық бюджеттен 1,4 млрд теңге, 2023 жылы облыстық бюджеттен 150 автобус сатып алуға 1,6 млрд теңге қаралды. Бүгінгі күні барлық автобустар жеткізіліп, тиісті бағыттарға қосылды.

Жыл басынан бері экономиканың барлық саласында 15 мың 022 адам жұмыспен қамтылды. Ел Президентінің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасы қала бойынша артығымен орындалды.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,7 пайыз, жалпы жұмыссыздық 4,7 пайыз. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздық көрсеткіші едәуірге төмендеді.

Шаһар басшысы биылғы жылы атқарылатын жұмыстарға да тоқталып өтті. - 2024 жылға бекітілген қала бюджеті 58,2 млрд теңге болса, бүгінгі күні 72,6 млрд теңгеге нақтыланды. Оның ішінде қала бюджетіне республикалық және облыстық бюджеттен 31,9 млрд теңге трансферт бөлініп, 92 жоба жүзеге асырылатын болады. Атап айтқанда 2023 жылы құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігінде 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын жалғастыруға 1,7 млрд теңге қаралды. «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында ұзындығы 18,7 шақырымды құрайтын 4 жоба жүзеге асырылады. Оған Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. «Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау және дамыту» бағдарламасы бойынша құны 6,2 млрд теңгені құрайтын 19 жобаның жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталып, іске қосылатын болады. Биыл осыл топтағы отбасыларына 200 пәтер және 135 пәтер жалғыз баспанасы апараты деп танылған тұрғындарға сатып алуға 4,2 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттен қосым-

кайта жаңғыртылатын болады. Облыстық бюджеттен бөлінген 140,3 млн теңгеге 4 көптегерлі тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда. Сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауи көшесін абаттандыруға облыстық бюджеттен 72,5 млн теңге қаралды. Облыстық медициналық орталығы алдындағы скверді абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 262,9 млн теңге бөлінді.

Қазіргі заман талабына сай 10 аялдама салу үшін жергілікті бюджеттен 52,5 млн теңге қаралып отыр. Қызылорда қаласы бойынша 54 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары сәуір айында басталады. Облыстық бюджеттен бөлінген 1,8 млрд теңгеге жалпы ұзындығы 48 шақырым болатын қаланың 40 көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланды. М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледж маңынан жана сквер құрылысын салу жоспарланды. Көптегерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 925,9 млн теңге бөлінді. Қала аумағында орналасқан 21 көптегерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 1,9 млрд теңге бөлініп, бүгінгі таңда мердігер мекемелерді анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда. Қала аумағында орналасқан ғимараттардың қасбеттерін бірыңғай сәулет стилі әзірленіп, қызыл сызық талаптарын сақтау бағытында көше-жол желісіне түзетулер енгізілетін болады. Осылайша қаламыздың көшелерінің сәулеті бірыңғай үлгіге келіп, ондағы әлеуметтік нысандар мен ғимараттардың сыртқы қасбеті, оның түсі, сондай-ақ көше бойындағы жарықшамдар, жерге төселетін қырғастар пішіні және тағы басқа архитектуралық формалар бір стильде қалыптастырылады. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында бюджеттің барлық көздерінен 6



СЫРЛЫБАЕВТЫҢ БАСШЫ БОЛҒАН СЫРЫ ҚАНДАЙ?

Шаһар көркін көркемдеу мақсатында бірқатар жұмыс істеліп, түрлі жобалар атқарылып жатыр. Облыс орталығындағы сәулеті келіскен зәулім үйлер мен ғимараттарды салуда аялбай қызмет етіп жатқан қалалық құрылыс бөлімінде кадрлық өзгерістер болды. Апта басында қала әкімдігінде өткен актив отырысында шаһар басшысы Серік Қожаниязов құрылыс бөлімінің жаңа басшысын тағайындады.

- Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына Сырлыбаев Дінмұхамбет Мұратбекұлы тағайындалды. Ол осы сала бойынша ілкімді іс жасап, жана жобаларды жүзеге асыратынына сенім мол. Кадрлық өзгеріс арқылы кез келген салаға жана леп береді. Сала бойынша тәжірибеніз бар. Кадрды басқару, тапсырма беру, туған елге жана шыршылықпен қызмет ету – бөтен жұмыс емес. Сондықтан, жана қызметіңізге сәттілік тілеймін! – деді шаһар басшысы.

Дінмұхамбет Сырлыбаев еңбек жолын 2012 жылы

«Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясы» ММ-де инспектор қызметінен бастаған. 2015-2018 жылдары «Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ-де бас маман, 2018-2020 жылдары «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-де бас маман, 2020-2022 жылдары «Қызылорда қалалық ТҮКШ, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ сектор менгерушісі, бөлім басшысының орынбасары болған. Ал 2022-2023 жылдары «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-де бөлім басшысы, 2023 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Бұған дейін қалалық құрылыс бөлімін басқарған Айдын Әнуар Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары қызметіне кірісті.

- Өріптесіміз Айдын Серікұлымен бұған дейін көптеген жобаны бірлесіп атқардық. Қаламыз-

дың сәулет саласында зор қолтаңбасын қалдырған тұлға ретінде еңбегін бағалаймыз. «Ер адам – еліне» деген сөз бар. Қармақшы ауданынан әкім орынбасары болуға ұсынғыс түсіп, әріптесіміз өз қызметінен сонда ауыстырып жатыр. Бұл қызмет жолындағы өсу, елге қызмет ету деп аталады. Өзге де әріптестерге үлгі бола білген Айдын Әнуарды жана қызметімен құттықтаймыз! – деді қала әкімі Серік Салауатулы.

Айдын Серікұлына шаһардың дамуына қосқан зор үлесі үшін Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты «Құрмет» грамотасы табысталады.

Актив отырысында қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев пен облыстағы Құрылысшылар Ассоциациясының төрағасы Манарбек Еспенбетов Айдын Серікұлының құрылыс саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырғандығын айтып, жаңадан тағайындалған Дінмұхамбет Мұратбекұлының қызметіне сәттілік тіледі.

Кітапхана

ҚАБДЕШ ЖҰМАДИЛОВ

АКАДЕМИКТИҢ КӨЗ ЖАСЫ

Алайда біреуге-біреу сенбейтін заман. «Бұл – қайдан жатқан батпан құйрық» дегендей Қазақстанға мұндай абыройды қимайтын мысық тілеулі біреулер тарапынан тағы да күдік пен сақтық белең алды. Жездіде марганец кені бар ма? Бар болса, қоры қанша дегенді анықтау үшін, комиссиялар бірінен соң бірі қаптасын-ай келіп. Алғашқы келген бір тобы «Бұл төңіректе марганец кені атымен жоқ. Бәрі – құр дақпырт» деп қайтыпты. Олардың соңынан металлургия халықоңі И.Ф.Тевосяның атынан келген қомақты комиссияның қорытындысы да адам сенгісіз былқ-сылқ бірдеңе: «Жездіде марганец кені атымен жоқ. Бірақ кеннің қоры өзінше анық емес, жәй болжам ғана» депті.

Қысқасы, ешкім де ештеңені мойнына алғысы келмейді. Ештеңені кесіп айтпайды. Біреуге біреу сенбейтін, әркім өз басын күйттейтін заман. Кенет Жездіден марганец шықпай қалса, шықса да қоры тым аз болса, ол үшін бас кетеді... Бұл елде не істесе де, өз басынан қауіптенбейтін бір-ақ адам бар. Ол – Сталин ғана. Жезді жөніндегі комиссиялардың қорытындысын бас қолбасшы Сталин де бақылап отырса керек. Бір күні шыдамы таусылып:

– Былжыраған бос сөзді қойыңдар! Бізге марганец керек. Дерев Жездінің кенішін іске қосыңдар! Оның қоры қанша екенін уақыт көрсетеді! – десе керек.

Міне, осы сөзден кейінгі Жездінің бойы дүрлідеді де кетті. Жездідегі марганец кені, оның қор мөлшері туралы талас-тартысқа Қаныш Имантайұлы араласқан жоқ. «Ойбай, бұл жерде марганец қоры мол» деп ешкімге жалынбады да. Тек комиссия мүшелерінің жер қыртысынан хабары жоқ мүшелігіне таңғалған. Өйткені Сәтбаев өзіне сенімді еді. «Бәлем марганец керек болса, Жездіге өздерің-ақ келерсіңдер» деді де, насыбайын атып қойып, алаңсыз отыра берді...

Ақыры, Қаныш Имантайұлының болжамы дәл шықты. Жездінің миллион тонна деп есептелген марганец қорын ешкім де тауыса алған жоқ. Бүкіл Ұлы Отан соғысы барысында, одан кейін де Орал мен Магнитогор қаласындағы танкі жасайтын зауаттарды Жездінің марганец қоры қамтамасыз етіп тұрды.

Ұлы Отан соғысы кезінде республиканың қорғанысқа қосқан қомақты үлесі, жауға қарсы атылған әрбір он оқтың тоғысы Қазақстан металынан құйылуы Одақ көлемінде бұл елдің абыройын қатты көтерді. Міне, осы жетістік Қазақстанда дербес Ғылым академиясын құруға жол ашты. Ал Қазақстан ғылымының осы тұста тез қарқын алуына себеп болған тағы бір фактор бар. Ол – соғыс кезінде қоршауда қалған Ленинград, Киев, тағы-басқа қалалардан эвакуациямен Қазақстанға келген көптеген ғалымдардың осында қалып, ғылым жұмыстармен айналысуы. Мәселен, астрономия-физика саласында бұрын Қазақстанда ешқандай дайындық жоқ-тұғын. Сол жылы Айдың толық тұтылуын Алатау биіктерінен бақылауға келген осы ілімнің ірі өкілдері В.Е.Фесенко мен Тихов соғыс басталғанда еліне қайта алмай осында қалуы Қазақстанда астро-физика ғылымының негізін салуға себепші болды. Және астро-физиктер осындағы алғашқы бес институттың бірі болып құрылды.

Ал белгілі геолог-ғалымдар Н.Г.Кассин мен М.Г.Русакөв та – Қазақстанда кен барлау жұмысымен жүргенде соғыс басталып кетіп, Ленинградтағы үйлеріне қайта алмай қалғандар. Қаныш Имантайұлы оларды дереу Алматыға шақырып, өзіне жәрдемші-серік етіп алды. Көп ұзамай үкімет арқылы жалғасып, олардың балашағасын да алдырып берді.

Қаныш Сәтбаев алғаш филиалға басшы болып келгенде, қарауында төрт ғана институт, әр ғылым саласына арналған жеті ғана сектор бар-тұғын. 1945-жылы Қазақстан Ғылым академиясын құру қарсаңында инсти-

туттың саны он бірге жетті. Енді академия құрудың шарты толып тұр деуге болады. Бірақ оған жоғарғы жақтың рұқсаты, БКП(б) Орталық комитетінің бекімі керек. Қаныш Имантайұлы сол үшін Мәскеуде бір айдай жүріп, Орталық Комитет пен КСРО

істейтінін. Өздері ілім-білімге зерек, аса зерделі халық көреді. «Алашорданың» Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ө.Ермеков секілді ғалымдары 1922-жылы В.И.Лениннің өзімен тірескені естеріңізде болар. Солар ұлы көсеммен білім жарыстыра отырып, Қазақстанның картасын бекіттіріп алған жоқ па? Азияның қақ ортасын ойып тұрып орын алды-ау! Және қандай жерлер десейші! Көлемі – бес Франция сыйып кетердей,

жазып, «Қазақ ССР тарихының» түте-түтесін шығарды. Өте-өте Бекмаханов жазған Кенесары жайындағы тарауға шүйлігіп, кір-қоқыстың бәрін соның үстіне үйіп-төкті. «Ескілікті аңсау» деді, «Хандықты көксеу» деді, «Тарихи оқиғалар таптық тұрғыдан қаралмаған» деді. Қойшы, әйтеуір, бәрі жабылып жүріп, «Қазақ ССР тарихына» мемлекеттік сыйлықты алдырмады ғой. Білетіндердің айтуынша, бұлар студент

- VII -
«Халық жаулары» мен «ұлтшылдарды» іздеу гуманитарлық саламен шектелмей, ақырын аяндап, жаратылыстану ғылымдарына да келіп жетті-ау! Мұндағы алғашқы тартыс академик Н.В.Павлов басқаратын биология мен медицина саласынан шықты. Сөйтсе, бүкілодақтық ботаниктер арасына да жік түскен екен. Өткен жылы ВАСХНИЛ-дың кезекті сессиясында академик

Ғылым академиясының мөрі басылған таңбалы қағазды алып қайтты.

Алайда, 1945-жылы Қазақстан Республикасының құрылғанына 25 жыл толған тойы өтетін болды да, академияның құрылу рәсімі келесі жылға шегерілді. Сонымен, көптен күткен Қазақ ССР Ғылым Академиясы 1946-жылы маусым айында құрылды. Сол күні жалпы жиналыста үкімет бекіткен академияның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелерінің тізімі жарияланды. Бұлардың жалпы құрамы отыздай адам еді. Олардың арасында қазақтан: Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ахмет Жұбанов, Б.Бектұров, Сімет Кеңесбаев, Сауранбаев, тағы басқалар бар еді. Енді қалған бірнешеуі академияның корреспондент-мүшесі болып сайланған. Келесі күні жаңағы академиктер қатысқан жалпы жиналыста Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірауыздан сайланды. Ғұламаның жасы сол жылы қырық жетіге толған-ды. Білімі мен ақыл-ойы кемеңгерлікке жетіп, бақ жұлдызы барынша жарқырап жанған шағы еді.

Қазақстан ғалымдары соғыстың ауыр жылдарында дайындап, қиын кезеңде құрған сол академия елу жыл бойы мызғымай өмір сүрді. Қазақстан ғылымын дүниежүзілік деңгейге жеткізді. Ол тек ғылымға ғажайып етті, ақша есептеуді басты мұрат еткен теуелсіз Қазақстан өкіметінің тұсында ғана өмір сүруін тоқтатты.

Ал, өз тақырыбымызға келсек, сол 1946-жыл – Қаныш Имантайұлы үшін табыстар жылы болды. Сол жылғы ақпан айындағы сайлауда ол КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланса, қараша айында КСРО Ғылым академиясының толық мүшелігіне өтті. Қаныш Сәтбаевқа дейін бірде-бір шығыс адамы мұндай биікке көтерілген жоқ-ты.

- VI -

Қыс артынан күн жылып, көктем келетіні сияқты, сұрапыл соғыстан кейін бүкіл ел арқасын кенге салған, бір жадыраңқы жылдар болып еді. Амал не, ол заман да ұзаққа бармады. Заң үстемдік етпеген елде тұрақтылық болмайды ғой. Диктатордың көңіл күйіне қарай, дүние дегеніңіз өзгеріп тұрады. Бейбіт күндер тым ұзарып кетсе, құлдар құтыра бастайды дей ме екен, әр он жыл сайын бастарына қамшы үйретін әдеті. Бұл жолы да солай болды. Қазақтың сорпа бетіне шығар зиялылары үшін, тағы бір қара бұлт төніп келе жатты. Басында алыс көкіміктен дауылды нөсердің лебі білініп, күркіреген найзағай жарқыл көрініс берген. Көп ұзамай дүниені астан-кестен етіп, нөсер аралас сұрапыл дауылдың өзі де соғып өтті. Қала мен дала ұйқы-тұйқы болып, талай үйдің шаңырағы ортасына түсті.

Сонау бір аты шулы 1937-жылдан бері арада он бес жылдай уақыт өтті ғой. Осы мерзім ішінде баяғы «Алаш» қайраткерлерінің, атылып-шайылған басқа да ұлт серкелерінің орны толмаса да, өртенге шыққан алшындай жаңа бір толқын жайқалып өсіп келе жатқан-ды. Қазақтың әдебиеті мен мәдениетінде, тарих ғылымында ілгерілеп өсу нышаны байқалған. Қазақстанда Ғылым академиясы құрылып, ғалымдар әр салада теуелсіз өсу жолына түскен. Қазақтар ауылда мыңғырған мал өсіріп қана қоймай, геолог-ғалымдары жер асты байлығын пайдалануда дүниежүзіне атағы шыға бастаған.

Міне, осыны Кремльде отырған отаршылдар да байқап қалыпты. «Әй, мыналар қайда барады?» деген ғой бірден секем алып. Бұларды дер кезінде тоқтатпаса болмайды. Білесің ғой – қазаққа сәл-пәл еркіндік берсең не

Қабдеш ЖҰМАДИЛОВ

АКАДЕМИКТИҢ КӨЗ ЖАСЫ

ұлған байтақ, бай өлке... Абырой болғанда, «Алаш» қайраткерлерін дер кезінде құртып тындық. Өйтпегенде, бас асаулық танытып, бой бермей кетуі де мүмкін еді. Енді, міне, қазақ оқығандары тағы да бас көтере бастады. Мұндай қатердің алдын алмаса болмайды. Демек, тағы бір науқанның кезегі келіп тұр. Оны «ұлтшылдыққа қарсы күрес» дейсің бе, «тарихи еңбектерді маркстік-лениндік тұрғыдан қайта қарау» деп атайсың ба, қай-қайсы да жарап тұр. Басын бастап берсең, одан ары шопақ белсенділердің өздері-ақ дүрлідегіп алып кетеді. Күрес әдістері – сол баяғыдай: ел ішінде ала ауыздықты өршіту, зиялыларды бір-біріне айдап салу, қысқасы, таланттарды талантсыздарға талату...

Талай бас асауды жуасытқан отаршыл идеологтар мұндай айла-тәсіл жағына барынша мэттақым болатын... Қазақстанда соңғы айларда өтіп жатқан саяси сүргінді ой сарабынан өткізе келіп, Қаныш Имантайұлы осындай қорытындыға келді. Өрине, отаршыл идеологтар Қазақстан зиялыларын бірден бас салған жоқ. Бұл науқанға алыстан орағытып, көп сатылы дайындықпен келді. Ең алдымен, «міне, біз өзімізді де аяп жатқан жоқпыз» дегенді білдіру үшін, «Ленинград» және «Звезда» журналдарын қарауылға алып, сонда жарияланған Зоценко мен А.Ахметова шығармаларынан өткенді аңсау сарындарын тауып, қатаң сын айтқан болатын. Осыған жалғас, БКП (б) Орталық комитетінің «Татарстан обкомының идеологиялық жұмыстары туралы» қаулысы шығып, онда «Едіге», «Шора батыр», «Қарасай қазы» тәрізді түрік халықтарына ортақ жылдар қатты сыналған. Бұл – «сендер де осыған қарап білі түзендер» деген белгі болатын. Мұндайда шет қалатын Қазақстан ба, мұндағы зиялы қауым да жаңағы қаулыларды талқылап, едәуір әуреге түскен. Бірін-бірі сынап та үлгірген.

Сөйтсе, бұл жәй ғана талқылау емес, кімнің кім екенін анықтау үшін алдын ала жасалған барлау екен ғой. Қазақстанға тасталған нағыз «бомба» 1950-жылдың 26-желтоқсанында жарылды. «Правда» газетінде жарияланған: «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалысы» деген мақала, шынында да, бомбадан кем болған жоқ. Егер сол «бомба» басқа бір елде жарылса, айналасына көп зиян келтірмей, сол жарылған жерін ғана ойып түскен болар еді. Ал, біздің Қазақстанда бәрі басқаша... Несін айтасың, онысы да бір-біріне атарға оғы болмай, қарсыласымын қашан кек алам деп, алақанына түкіріп жүрген қазекен алды-артын ойлап жатпай, қас жауына бірден сойыл ала жүгірген.

Ал, Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуиндердің атынан жарияланған бұл мақаланың дайындалу барысы өз алдына бір хикая. Ол да неше алуан сатыдан өтіпті. Жалпы, мақалаға өзек болған – 1943-жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» деген кітап-тұғын. Өсіресе, сол кітаптың «Қазақ халқының Кенесары хан бастаған азаттық күресі» деген тарауы. Тараудың авторы – талантты жас ғалым Ермұқан Бекмаханов болатын. Бұдан екі жыл бұрын ол осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. «Қазақ ССР тарихының» жұртшылық көңілінен шыққаны сонша, кітап жарық көрісімен оны қоғамдық орындар мемлекеттік сыйлыққа ұсынды. Егер бұл кітап сыйлық алатын болса, жас ғалым Бекмаханов та лауреат атанғалы тұр.

Міне, осы араға келгенде, кітап жазауға қатыспаған бір топ тарихшының өзегіне «өрт» кетеді ғой. Өсіресе, М.Ақынжанов, Т.Шойынбаев, Х.Айдаровалардың талағы тарс айрылады. Бірден білек сыбана іске кіріседі. Қайткен күнде де кітапқа мемлекеттік сыйлықты алдырмау керек. Өсіресе, анаубір Бекмаханов деген пәленді жолын кеспесе болмайды. Сол оймен өлгі адамдар алма-кезек мақала

кездерінің өзінде-ақ белсенді болған көрінеді. 1937-жылы ұстаздары Санжар Аспандияровтың «Қазақ тарихы» кітабына жала жауып, ақыры оны да «Жалония шпионы» етіп шығарса керек. Демек, біреуді жардан құлатуға өбден машықтанған адамдар...

Міне, осылар қазіргі науқан кезінде таптырмас қаруға айналған. Қазақстан КП(б) Орталық комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі И.Храмков пен Мәскеуден тілші болып, тыңшы болып келіп жүрген А.Черниченко бастатқан жанысздар жаңағы жалақор тарихшыларды қолдарына ұстап, сақа қып үйірді. «Правда» газетінде жарияланған «бомба» мақаланы соларға дайындады. Басында олардың өз атынан жариялауды оқысынып, басқа бір аузы дуалы, салмақты автор іздеген. Бірақ, қалайда, мақала авторы қазақ болуы керек еді. Өуелде мақалаға автор болуды Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Шаяхметовқа ұсынған екен. Алайда сұңғыла басшы бұл мақаланың өзіне абырой әпермесін сезсе керек, автор болудан үзілді-кесілді бас тартты. Сонан соң, амал жоқ, мақаланы жаңағы жалақорлардың өз атынан жариялаған.

Қазақстанда осындай астыртын қастандық әрекеттер жүріп жатқанын Қаныш Имантайұлы сезіп жүрді. Бірақ оны тоқтату мүмкін емес еді. Өйткені науқанның сценарий Мәскеуде жасалған. Дирмен айналып кетті, енді ол шаңағына түскен біраз дәнді ұнтақ-тамай тынбайды.

Былай байқап қараса, жан алып, жан беріскен талас-тартыс тарихшылар арасында ғана емес, әдебиетші қауым арасында да жүріп жатыр екен. Онда да кекпарға түскен – Кенесары қозғалысы. Бұл қозғалыс – қазір дос пен дұшпанды анықтайтын негізгі өлшемге айналды. Кезінде бір жазушылар Кенесары жайында пьеса жазыпты. Тағы біреуді дастан шығарыпты. Әдебиетші ғалымдар жағы Кенесары қозғалысы туралы мақалалар жазып, оқулықтарға енгізіпті... Енді, міне, қаламгерлер бірін-бірі көрсетіп, әркім өз басын арашалап қала қамында көрінеді. Араға от тастаушылар М.Әуезов пен С.Мұқанов арасындағы ескі дауды қайта жаңғыртса, өзгелері де олардан қалыспай, «кекпарға» бел шеше кірісіп кетіпті. Әбділда Тәжібаев пен Қалижан Бекхожин, Есмағамбет Ысмайлов пен Қажым Жұмалиев, Әуезов пен Мүсірепов... Жақ-жақ болып, қиян-кескі тартысқа түсіпті.

Режиссурасы Мәскеуде жасалған науқанға керегінің өзі де осы болатын. Не орталық комитеттен, не республика үкіметінен басу айтқан бір пенде болсауы! Әрқайсысын үрит-соқпап, бір-біріне қайрап салды да, қызығына қарап отырды. Сырттан жау келген жоқ, бірін-бірі өшкерелеген де – қаламгерлердің өздері. «Бәленбайларды ортамыздан аластайық» деп үкім шығарған да – өздері. Нәтижесі не болды дейсіз ғой? Баяғыда бір өтірікші: «Екі жылдан арбабып тұр екен. Бір уақытта қарасам, кеуі де орнында жоқ. Сөйтсем, жыландар бірін-бірі жұтып қойған екен» депті ғой. Мұнда да соның кері келді. Бірталайы партиядан шығып, қызметі төмендеді. Біразы бұрын алған атақ-дәрежесінен айрылды. Тарихшы Бекмаханов, Сүлейменовтар қатарында, әдебиетші Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Қ.Мұхаметхановтар 25 жылға кесіліп, «итжеккенге» айдалып кетті. Академик А.Жұбанов, М.П.Русакөв, Қ.Жұмалиевтар академия мүшелігінен шығарылды.

Былай қарасаң, осылардың бұл-дірген ештеңесі де жоқ, әрқайсысы өз саласында табысты жұмыс атқарып жүрген адамдар болатын. Осыларды оқытып, тәрбиелеп, қатарға қосуға Кеңес өкіметінің көп қаржысы жұмсалды ғой. Онысы да жетіспей жатқан өз кадрларын құртқаннан кім не пайда тапты? Теңіздегі кейбір жыртқыш балықтар өз шабағын өзі жұтады деуші еді, мынау да соның кері. Айналып келгенде оялтайындары – қалайда түбі шікі отаршыл өкіметті ұстап тұру.

Т.Д.Лысенко ежелгі генетика ілімін жоққа шығарып, оның орнына өзі ойлап тапқан «мичуриндік биология ілімін» ұсынған-ды. Бұл ілім кезінде Сталиннің қолдауына ие болған. Енді, міне, сен де сол ілімді қолдауың керек. Ал оны қолдамасаң, барар жерің белгілі, «халық жауы» болып кете барасың.

Ал академик Павлов Лысенко іліміне тіс-тырнағыман қарсы. Осыны пайдаланған сол институттағы кей-бір белсенділер академикті біраз «ханталапайға» салған көрінеді. Көрінгеннен сөз естіп, жүйкесі өбден жұқарған ғұлама бір күні академия президенті Қаныш Сәтбаевқа арыз жазып келіп тұр. Арызда өзін институт директорылығынан босатуды сұрайды. «Мұндай көрінген би болып, ғылымға қарсы жалған ұран көтеретін жерде будан ары қалуға болмас. Сондықтан мені директорлықтан да, төр-алқа мүшелігінен де босатуды өтінем» деп қолқалап тұрып алды... Павлов сияқты аса көрнекті биологты жоғалту – академияның бір қабырғасын құлатумен бірдей. Сондықтан да Қаныш Имантайұлы Павловқа қаратылған соққыны өзіне қабылдап, академикті қызметте қалуға зорға көндірді.

Сәтбаевтың өз басы ұзақ жыл Жезқазғанға кен қопарып, мыс балқытып, қоғамнан оңаша жүрді ғой. Алматыға келгені – соңғы он жылдың айналасы. Геологияның қыры мен сырын шеңуеніктер түсіне бермейді. Бәлкім, жер қойнауын тексеретін бұл сала пәле-жаладан қағыс қалар деп ойлаған. Олай болмады. Пәле күнандар жердің үстің қайлап болып, енді астына түсіпті. Не қылмыс жасағаны белгісіз, Сәтбаевтың әріптес досы, Арқада Қарағайлы, Кентөбе, Қайрақты кендерін ашқан, Қоңырат-Балқаш кенішін іске қосқан, Еңбек Қызыл ту және Отан соғысы ордендерінің иегері, академик М.П.Русакөвті іссапармен Ленинградқа барған кезінде тұтқындалды. Өздерінің тумасы, орыс ғалымын аямаған КГБ қазақты аясын ба, демек академия президенті Қаныш Имантайұлына да тұзақ құрылды деген сөз. Бәлкім, Сәтбаевты қолға түсіру үшін Русакөвті әдейі құрбандыққа шалып отырған шығар. Соған қарамастан Қаныш Имантайұлы Русакөвті ақтап алмақ болып, Мәскеуге дейін барды. Бірақ қолынан ештеңе келмеді. Русакөвті босату былай тұрсын, «Совет Одағына қастандық жасамақ болған халық жауының соңында неғып жүрсіз» деп Қаныштың өзін біраз әуреледі.

Ақыры «қауіпті неден болса, ажалың содан» дегендей, көп ұзамай Сәтбаевтың өз басына да бұлт үйіріле бастады. Геолог ғалымдарды шетінен тергеп, мұның үстінен материал жинай бастапты. Бір күні кешкі апақ-сапақта қарт академик Николай Григорьевич Кассин келді бұлардың үйіне. Өзінде өң-түс жоқ, аяғын тәлтіректей басып, әрең көрді есіктен. Қазақтың жер қыртысының геологиялық картасын жасаушы үлкен ғалым. Сол үшін КСРО мемлекеттік сыйлығын алған... Сөйтсе, Мәскеуден келген мемлекеттік комиссия бұл кісіні де қатты қысып, тергеуге алыпты. «Сәтбаевтың Қарсақбай мен Атасу темір кендерін барлауға қасақана көшеуілдетіп, мемлекетке зиянкестік жасағаны рас па? – деп сұрайтын көрінеді. Кассин «бұл жалған» деп жауап береді, әрине. «Онда, бұл іске айғақ болатын тағы кім бар? Соны айтыңыз!» деп одан ары қысатын көрінеді.

– Ал мен мұндай пысықтыққа қалай барам? Жасымыда айтпаған өтірікті қартайғанда қалай айтма? Мен білетін бір ғана Сәтбаев бар. Ол – жәй, қатардағы геолог емес, дәлһанпан кен іздеуші! – дейді Кассин ауызы сөйлеуге әрең келіп. Кассинның қан қысымы көтеріліп тұрған сияқты. Үй иелері оған ыстық шай беріп, көңілін орнықтыруға тырысты. Ол жағдайы біраз жақсарған соң жақын жердегі үйіне қайтып кеткен. Ертеңінде оны тағы шақырып тергеген бе, ілешала ауруханаға түсіпті. Көп ұзамай жарық дүниенен мүлде қоштасты.

(Жалғасы бар)

КӨКТЕМДЕ КЕНЕ БЕЛСЕНДІ

Қызылорда облысы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағында орналасқан. Жыл сайын облысымыздың аумағында спорадикалық жағдайлар тіркеліп отырады. Аса қауіпті аурудың эпидемиологиялық ахуалы күрделенуінің алдын алу бойынша жұмыстар жүйелі жүргізіледі.

Ақпан айында Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша облыс әкімінің Қаулысы қабылданды, соған сәйкес кенеге қарсы жұмыстардың сапасы мен тиімділігін бақылайтын арнайы жұмыс топтары құрылды. 115 қолайсыз елді мекендер тізбесі бекітілді: Аралда 11, Қазалы мен Қармақшыда 16-дан, Жалағаш пен Сырдарияда 11-ден, Жаңақорғанда 18, Шиеліде 20, Қызылорда қаласында 12 елді мекен есепке алынды.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы күрес шараларының бірі – кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары. Жыл сайын барлық қолайсыз елді мекендерде кенеге қарсы өңдеу шаралары екі кезеңмен жүзеге асырылады. Көктемгі кенеге қарсы өңдеу жұмыстары сәуір айының алғашқы онкүндігінде басталады деп жоспарлануда. Алғашқы болып оңтүстік аймақтар Шиелі, Жаңақорған аудандарында жүргізіледі.

МАЛ ҚОРА ТАЗАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Конго-Қырым қызбасының алдын алу мәселелері талқыланып, құзыры органдардың жұмыс бағыты айқындалды.

Аймақ басшысы профилактикалық залалсыздандыруды уақытылы жүргізіп, дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

– «Ауа райы жылынысымен кене арқылы кең тарайтын індеттің бірі – Конго-Қырым қызбасы. Өткен жылы облыста осы аурумен 48 адам тіркелген. Зертхана қорытындысымен оның 13-інен Конго-Қырым қызбасы анықталды. Індеттің алдын алу үшін облыстық бюджеттен қажетті қаржы бөлініп, көктем және күзгі маусымда залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Биыл да профилактикалық жұмыстарды белгіленген уақытта бастауды қатаң бақылауда ұстау керек. Мал қоралары таза болмаса, кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарының сапасына кері әсер етеді. Сондықтан залалсыздандыруды бастамас бұрын елді мекендердегі мал қораларды механикалық тазалаудан толық өткізу қажет. Механикалық тазалауға бөлінген мемлекет қаржысының тиімді пайдаланылуын бақылауға алыңыздар. Уақ малды дәрілеуде тоғтуы өдісі тиімді», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жыында облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына кенеге қарсы залалсыздандыруды бекітілген кестеге сәйкес, сапалы жүргізу тапсырылды. Ал, облыстық денсаулық сақтау басқармасы Конго-Қырым қызбасын емдеуге қажетті дәрі-дәрмек қорын жасақтап, науқастарға дер кезінде медициналық көмек көрсетуге дайын болуы тиіс.

Осы шаралардың тиімділігін арттыру үшін тұрғындар назарына қорала тазалығын қатаң сақтауды және қолайсыз елді мекендерде жүргізілетін өңдеу жұмыстары барысында мал бастары мен қора, аулалардың толық дәріленуіне үй иелері тарапынан қатаң бақылау қажеттігін еске саламыз.

Былтырғы жылы облыс бойынша эпидемиологиялық ахуал қолайсыз болды. Облыста 48 күдікті жағдай анықталып, оның 13-інің диагнозы расталды. Кененің белсенділігі көктем келісімен басталады. Сондықтан тұрғындар арасында, әсіресе, далалық аймақта жұмыс жасайтын, мал шаруашылығы, егін шаруашылығымен айналысатын адамдар үшін қауіп арта түседі. Жыл басынан бері 7 адам кене шағу жағдайларымен медициналық көмекке жүгінген.

Бүгінгі күні облыс бойынша аса қауіпті ауруға қарсы күрес жұмыстарына қорғаныс құрал-жабдықтар қоры жеткілікті.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті облыс тұрғындарын мал шаруашылығымен, ауыл шаруашылығымен айналысқанда арнайы жұмыс киімдерімен, қолғаптармен жұмыс жасауға, табиғат аясына демалысқа шыққанда кенелерден қорғайтын арнайы репелленттерді пайдалануға, ақ түсті киім киіп, кенелердің болмауына жиі тексеріп тұруды, сақтық шараларын жауапкершілікпен орындауды сұрайды. Сондай-ақ ауру белгілері анықталған бойда жедел медициналық көмекке жүгінуге кеңес береді. Себебі дер кезінде ем-шара қабылдаған кезде аса қауіпті аурудан толық сауығып шығуға болады.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті

СӘУІР - “ТІЛ АЙЛЫҒЫ”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен үшінші рет Атырау қаласында өткізілген Ұлттық құрылтай ұлттық сипатқа ие. Құрылтай отырысында халық көкейінде жүрген келеді мәселелер қозғалып, сан алуан сұрақтардың жауабы нақтыланды.

Құрылтай отырысында Президентіміз тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта беретінін де мәлімдеді. «Бұл үрдісті одан әрі дамытуымыз ең тиімді әрі төте жолы-ағартушылық» – деп атап өткен болатын.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз мемлекетіміздің басты ұлттық қолы.

Қандай мемлекет болмасын, ондағы мемлекеттік тілдің өмір сүріп, қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі – тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы. Бүгінде еліміздегі халықтың 70 пайызын қазақ ұлты құрап отыр. Біздің өңірімізде 96,1 пайыз.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып отырған қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарында.

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды доріштеуден басталады. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидалары. Халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт – дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлттымыздың рухани байлығы.

Ұлттық құндылықтарымызды доріштеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңау айы – Наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жыл – «Руханият жылы» деп жарияланды.

Осыған байланысты «Тіл – руханият өзегі» атты жастар арасында мемлекеттік тілді доріштеудің іс-шаралар жоспары бекітіліп, 3-30 сәуір аралығында «тіл айлығын» жариялаймыз.

Шаралар 4-19 сәуір аралығында облыстағы көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету бағытында ұйымдастырылатын «Тіл тазалығы» атты акциясынан бастау алады.

8 сәуірден бастап «Тіл-ұлттың жаны» атты студенттер арасында әлеуметтік желілер арқылы бейнеролик байқауы ұйымдастырылады. Қорытындысы 26 сәуірде шығарылады.

рылып, байқау жеңімпаздары ескерткіш сыйлықтармен марапатталатын болады.

9 сәуір күні «Тіл және жастар» тақырыбында дебат ойыны, 12 сәуір күні «KAZAKH TIL QUIZ» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылады.

15 сәуір «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күніне орай жоғары және орта мектеп оқу орындарының жастары арасында қазақтың ұлттық киімін кино күні болып белгіленді.

16 сәуір күні ұрпақтар сабақтастығын доріштеу мақсатында ардагерлер мен жастар арасында «BIR TOLQYNDА» диалог алаңы ұйымдастырылады.

18 сәуір күні ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «ЭТНО QUIZ» ұлттық танымдық интеллектуалды сайысы, 23 сәуір күні «Оян, қазақ!» кинофильмін жастар арасында талқылау өткізіледі.

Жарияланған айлық 30 сәуір күні филолог ғалымдардың, тіл жанашырларының және жастар ұйымдарының қатысуымен «Ұлттық рухтың негізі-ана тілі» атты дөңгелек үстелмен қорытындыланады.

Өткізілген барлық шаралар бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарда кеңінен ақпараттандырылады.

Облысымызда мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жұмыстары Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп келеді.

Бұл бағытта іске асырылған жобаларға тоқталатын болсақ былтырғы жылы үш әлеуметтік жоба іске асырылды.

Олар «Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру», «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» және «Kornek» жобасы. Осы жерде ас мәзірі жобасының республика бойынша алғашқы болып Сыр өңірінде іске асырылғаны Тіл саясаты комитетінің ақпан айында өткен алқа мәжілісінде атап айтылды.

Бүгінде жоба аясында шығарылған «Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам атаулары: кәзіргі жағдайы, проблемалары» атты монография-анықтамалық пен «Тағам атаулары» сөздігі республика көлемінде таратылуда.

Өңірімізде бұл әдістемелік құралдар облыстық кітапханаға, Кәсіпкерлік палатасына, қала, аудан әкімдіктеріне және жоғары

оқу орындары мен аспазшы мамандығын дайындайтын арнаулы орта оқу орындарына таратылды.

«Kornek» әлеуметтік жобасы аясында «Kornek» электронды платформасы (телеграмм бот) іске қосылды.

Қызылорда қаласындағы 1223 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы көрнекі ақпараттарына зерделеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесімен және қала тұрғындарынан «Тіл туралы» Заң талаптарын сақтамаған 138 кәсіпкерлік нысан туралы мәлімет телеграмм ботқа келіп түсті.

Бүгінде оның 128-і анықталған кемшіліктері жойды.

«Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» әлеуметтік жобасы аясында өткен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы облыстық байқаудың жеңімпазы, Тіл орталығының мемлекеттік тіл оқытушысы Гүлжанат Дүзенова Атырау қаласында өткен республикалық байқауда Бас жүлдені жеңіп алды. Астана қаласында өткен «Ең сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауына Қызылорда облысының «Бизнеске арналған үкімет» мекемесінің бөлім басшысы Салтанат Байжанова қатысып, жүлделі ІІІ-ші орынды иеленді.

Сонымен қатар Тіл орталығының үздік деп танылған «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» республика тарапынан шығарылып, барлық өңірлерге таратылды.

Тіл орталығының әлеуметтік желідегі паракшасы арқылы сөздердің дұрыс жазылуы, ұлттық дәстүрлер және ұлттық сөз саптау үлгілері бойынша «Сөзтүзер», «Ұлылар ұлағаты», «Трендтегі сленгтер» ақпараттық айдарлары тұрақты жүргізіліп келеді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «... Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе, мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың нұыры. Қазақ тілі қазақтың әлемге таныта алады. Халықтың тілі-халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» - деген болатын. Олай болса, тілімізге деген құрметіміз арта берсін! Мемлекеттік тіліміздің мерейі үстем, мәртебесі биік болсын!

А.ҚАМБАРОВ,
облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары

ЖЫЛУ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ

Қызылордада күнтізбелік бес күн ішінде гидрометеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +8° С және одан жоғары болған жағдайда қала әкімінің шешімімен жылу беру маусымы аяқталады. Биыл

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ТОЗУ ДЕНГЕЙІН 45,1%-дан 42,3%-ға АЗАЙТУ ЖОСПАРИАНУДА

2024 жылы ұзындығы 4,3 км диаметрі 57-325 мм құрайтын кварталаралық жылу желілеріне ағымдағы жөндеу, 6 жоба бойынша ұзындығы 9,5 км жылу желілеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда

БРИФИНГТЕН АҚПАРАТ



шамамен 10 немесе 15 сәуірге жоспарланып отыр.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша жылу желілерінің ұзындығы 199, 05 шақырымды құрайды. 2023 жылғы жылу маусымы барысында 11,9 км жылу желілеріне жоспарланған жөндеу жұмыстары толығымен бекітілген кестеге сәйкес жүргізілді. Соның нәтижесінде, Қызылорда қаласының жылу желілердің тозу деңгейі 48%-дан 45,1%-ға азайды.

Ал, биыл жалпы ұзындығы 4,3 км диаметрі 57-325 мм құрайтын кварталаралық жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары, 6 жоба бойынша жалпы ұзындығы 9,5 км қаланың жылу желілеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Қызылордада күнтізбелік бес күн ішінде гидрометеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +8° С және одан жоғары болған жағдайда қала әкімінің шешімімен жылу беру маусымы аяқталады. Биыл шамамен 10 немесе 15 сәуірге жоспарланып отыр.

Хасанғали ИМАНҒАЛИЕВ
Қызылорда жылу электр орталығы мекемесінің «Жылу жүйелері» бөлім басшысы

ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ ТӨМЕНДЕДІ

Мемлекет басшысы «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі екендігін және еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы 100 мың жасқа жұмыс беру» керектігін ерекше атап өткен болатын.

Осыған орай «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде 15305 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Облыста өткен жылдың желтоқсан айында «2024 жылға арналған Өңірлік жұмыспен қамту картасы қабылданған» карта аясында 46475 адамды жұмыспен қамту белгіленген, оның 60 пайызы жастардың үлесінде.

«Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы» шеңберінде биылғы жылы 280 жоба бойынша 171 жұмыс орны құрылды, немесе бұл жоспарланған 3379 жұмыс орынның 5,1 пайызы.

Жалпы жұмыссыз жастарды ақпараттандыру мақсатында Мансап орталықтарымен тұрақты түрде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізіліп келеді. Жыл басынан бері 16 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілген. Онда 211 жұмыс берушіден 952 бос жұмыс орны ұсынылып, жәрмеңкеге қатысқан 1002 жұмыссыздың ішінен 316 адам тұрақты, 29 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. Жәрмеңке арқылы жұмыспен қамтылғандардың 78,7 пайызы жұмыссыз жастардың үлесінде. Бұған қоса, 2023 жылдың тамыз айынан бастап tanda.enbek.kz платформасында бос жұмыс орындарының онлайн жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Пилоттық режимде өткізілген жәрмеңкеде 18 жұмыс берушіден 281

бос жұмыс орны ұсынылып, 1102 аймақ тұрғыны қызығушылық танытып, оның 132 жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Келесі онлайн жәрмеңке қазан айының 1-ші онкүндігінде аталған порталда өтеді.

Сонымен қатар өткен жылдан бері Президенттің тапсырмасына сәйкес Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету мақсатында жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі, биылғы жылы 400 жасқа қаржысы 2,0 млрд. теңге қаралған несие беру жоспарлануда.

Өткен жылы жастарға арналған жеңілдетілген несие бойынша 457

«10 мың адамға 100 жұмыс орнын» құру тапсырмасына сәйкес 466 жұмыс орны құрылды, немесе жылдық жоспардың 4,4 пайызы орындалды.

Атап айтқанда жыл басынан жастар тәжірибесіне 434 жас жолданды, негізі жоспар 3580 адам; әлеуметтік жұмыс орындарына 45 жас жолданды; ақылы қоғамдық жұмыстарға 2071 жастың 3-еуі аяқтап, 2-еуі тұрақты жұмысқа орналастырылды; «Алғашқы жұмыс орны» жобасына жоспар бойынша 307 адам болуы керек, 34 жас жолданды; «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына жоспар 29 адам болғанымен 4 жас жолданды; 617 жас бос жұмыс орындарына орналастырылды, жоспар 14765 адам; Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 198 жас жолданды, олардың 132-і оқу курсы аяқтап сертификатын алды; 334 жас «Электронды еңбек биржасы» порталы арқылы онлайн-оқудан өтті.

адамға 2 млрд. 285 млн. теңге қаржы қаралды.

Одан бөлек халықтың осал топтарына жататын жұмыссыздарға жаңа бизнес идеяларын дамытуға арналған мемлекеттік грант бар. 400 ЕАК 1476,8 мың теңге. 2024 жылы 1556 грант беру жоспарлануда.

Облыс бойынша соңғы 3 жылдың ішінде 8787 адам өз кәсіпкерлік бастамаларына мемлекеттік қайтарымсыз грант алды. Олардың 3836 немесе 43,6 пайызы 2021 жылға, 3422 немесе 38,9 пайызы 2022 жылға, 1529 немесе 17,4 пайызы 2023 жылға тиесілі.

Оларға барлығы 8,5 млрд. теңгенің бюджеттік қаржысы, яғни, 2021 жылы 2,2 млрд., 2022 жылы 4,1 млрд., 2023 жылы 2,1 млрд. теңге бағытталды.

Гранттардың басым бөлігі 54,3 пайызы мал мен құс шаруашылығына, 23 пайызы еңбек құралдарын алуға, 21,6 пайызы технологиялық жабдықтарға, 1,1 пайызы өзге мақсаттарға бөлінген.

Өткен жылдың 1 шілдесінен бастап

бұрынғы жұмыспен қамту орталықтары басқарманың құзіретіне берілгеннен кейін Еңбек мобильділігі орталығы арқылы грант алғандарға мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Мониторинг барысында 727 грант алған кәсіпкерлік субъектісі қамтылып, нәтижесінде 67 грант алушының ісі

мақсатсыз пайдаланғаны үшін сотқа жолданды. Қазіргі уақытта оның 8-і бюджетке қаржысын кері қайтарды, қалған 59-ы соттың қарауында.

Бұдан бөлек басқарма тарапынан облыстық мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп сырттай талдау барысында берілген 8787 грант алған кәсіпкердің 4606 немесе 52,4 пайызы кәсіпкерлігін жауып тастаған. 2021 жылы 26, 2022 жылы 1463, 2023 жылы 2562, 2024 жылдың 2 айында 555 кәсіпкерлігін тоқтатқан.

Негізінен соңғы 3 жылдың ішінде осы кәсіпкерлік субъектілерінен 358,0 млн. теңгенің салықтық түсімі түскен, 2021 жылы 26,9 млн., 2022 жылы 84,4 млн., 2023 жылы 246,7 млн. теңге. Бөлінген қаржының мультипликациялық тиімділігіне келер болсақ бағытталған 1 теңге бюджет қаржысының 4 тиынын құрап отыр.

Солтүстік өңірлерге құрамында 10 мүшесі бар 3 отбасы қоныс аударды.

Абай облысына 1 отбасы, Шығыс Қазақстан облысына 2 отбасы көшіп барды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі өткен жылы 3,9%-дан бүгінгі күнге 3,5%-ға дейін төмендеген.

Қызылорда облысындағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жастар саны 244 865 адамды немесе жалпы халықтың 29,1 пайызын құрайды. 2023 жылы жұмыспен қамту органдарында барлығы 9524 жас тіркелді, олардың 78,9%-ы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, 74,6%-ы жоғары, 65%-ы орта білімнен кейінгі білімі бар, 35,9%-ы орта техникалық, 31,9%-ы

негізгі орта білімі бар.

Жұмыссыз жастардың проблемалары ұсынылған жағдаймен келіспеушілік, еңбек жағдайларымен және жұмыс берушілер тарапынан ынталандырудың болмауымен, ауыр жұмыстан бас тарту, еркін жұмыс кестесімен табыс табуға ұмтылумен байланысты.

2024 жылы субсидияланатын жұмыс орындарына бөлінген қаржының мақсатқа сай жұмсалыуына мониторинг жүргізілді.

Нәтижесінде Қызылорда қаласы бойынша мониторингтік топ ақылы қоғамдық жұмыс бойынша 294, алғашқы жұмыс орны бойынша 8, жастар тәжірибесі бойынша 27, Күміс жас бойынша 5, барлығы 513 адам жұмыс жасайтын 119 мекеменің жұмыс орындарын аралап Қызылорда қаласының «Мансап орталығы» филиалына ұсыныстар жолданды.

Сонымен қатар Жаңақорған ауданы бойынша мониторингтік топ ақылы қоғамдық жұмыс бойынша 473, алғашқы жұмыс орны бойынша 8, жастар тәжірибесі бойынша 27, Күміс жас бойынша 5, барлығы 513 адам жұмыс жасайтын 119 мекеменің жұмыс орындарын аралап Жаңақорған ауданының «Мансап орталығы» филиалына тиісті ұсыныстар берілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар жыл көлемінде облыс аумағында жүргізілетін болады.

Ж.ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары

«Ақшамның асханасы»

ШИКИ СӨК ҚОСЫП БҰҚТЫРҒАН ҚОЙ ЕТІ

Құрамы:

1 килограмм қой еті, 2 ас қасық тоң май, 4 пияз, жарты шай қасық даршын, 2 ас қасық мейіз, 2 кеседей сорпа, 1 кесе шикі сөк, 1 ас қасық жусай, тұз бен бұрыш татымына қарай.

Дайындау тәсілі:

Ет ұсақтап туралады да табадағы қыздырылған майға қуырылады. Содан соң келсермен сүзіп алынады. Сол майға ұсақтап туралған пияз да қуырылады.

Бөлек ыдысқа шикі сөк бөктіріледі. Кастрюльге қуырылған ет, шала қуырылған пияз, бөктірілген шикі сөк, даршын, бұрыш, тұз, мейіз салынып, сорпа құйылады да духовкаға қойылып бұқтырылады.

Дастарқанға өкелерде бетіне ұсақталған жусай себілсе тіпті жақсы.



ЖҮРЕКТІ ЖАҚСАРТАТЫН ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАР

САРЫМСАҚ. Күшті антиоксидант болып табылатын сарымсақ құрамындағы белсенді ингредиенттің арқасында қан тамырларының бітелуінің алдын алуда, қан қысымын және қандағы майларды азайтуда маңызды рөл атқарады, холестериннің қан тамырларын зақымдауына жол бермейді. Күніне 1 түйір сарымсақ жеу жеткілікті. Дегенмен егер сіз қанды сұйытатын, қан қысымы немесе липидті төмендететін дәрілерді қабылдасаңыз, сарымсақ тұтынуы шектеніз.

ҚАРБЫЗ. Қарбыздағы белсенді ингредиенттер қан ағымын реттейді және жүрек денсаулығын нығайтады. **ОРМАН ЖАҢҒАҒЫ, ЖАҢҒАҚ, БАДАМ.** Жаман холестеринді төмендетеді, жақсы холестеринді арттырады, қандағы ұюлы азайтады және триглицерид бермейді. Күніне 1 түйір сарымсақ жеу жеткілікті. Дегенмен егер сіз қанды сұйытатын, қан қысымы немесе липидті төмендететін дәрілерді қабылдасаңыз, сарымсақ тұтынуы шектеніз.

қандағы холестерин деңгейін жақсартады. Қызанақты шикі немесе пісірілген күйде жеуге болады. Зерттеулер қарағанда қызанақты пісіру арқылы тұтыну тиімдірек.

САМАЛДЫҚ. Калий мен талшыққа бай самалдық қан қысымын реттейді, холестеринді төмендетеді және жүрек бұлшықетінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Бақша қараоты және брокколи сияқты көкөністер де жүрекке тиімді.

АЛМА. Күніне бір алма жеу әсіресе жаман холестеринді төмендетіп, жүрек ауруының қаупін азайтады.

КЕПТІРІЛГЕН БҰРШАҚ, НОҚАТ, ЖАСЫМЫҚ. Кептірілген бұршақ дақылдары құрамындағы талшықтың арқасында қандағы жаман холестерин LDL деңгейін төмендетуге көмектеседі.

КӨК ШАЙ. Құрамындағы қосылыстармен жүрек ұстамасының анықталуына себеп болып табылатын тромбтардың пайда болуына жол бермейді және жаман холестеринді төмендетеді.

ЗӨЙТҮН МАЙЫ. Ол жүрекке қорғайды және жаман холестеринді төмендетеді. Күніне 2-3 ас қасықтан аспаңыз. Май қолданғанда зойтун майын таңдаңыз.

БАЛЫҚ. Балық жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алады, жаман холестеринді төмендетеді, жақсы холестеринді арттырады және жүрек ырғағын реттейді. Бірақ балықты қуырманың, оны грильде пісіріңіз.

Ақ тунец, лосось, скумбрия, майшабақ, форель және герань сияқты майлы балықтар жүрек ауруларының қаупін азайтатын өмега 3 май қышқылдарына өте бай.

АСҚАБАҚ ТУҚЫМДАРЫ. Магнийдің бай көзі болып табылатын асқабақ дәндерін күніне жарты стакандай жегенде күнделікті магний қажеттілігін қамтамасыз етеді. Магний қан қысымын жақсартады қана қоймайды, сонымен қатар жүрек ұстамасы мен инсульт сияқты аурулардың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

АЛМА ҚОСЫП БҰҚТЫРЫЛҒАН СИЫР ЕТІ

Құрамы:

500 грамм сиыр еті, орташаулау 3-4 алма, 2 пияз, жарты шай қасық зере, тұз бен қара бұрыш татымына қарай.

Дайындау тәсілі:

Ет ұсақтап туралады. Қабырғалары болса 2-3 сантиметрден келетіндей етіліп шабылады. Пияз сақиналап кесіледі. Алма жақсылап жуылып, ортасынан қақ бөлінеді де өзегінен газартылады. Сөйтіп тіліктерге тілінеді.



Ет, пияз, алма, зере - бәрі қосылады да, тұздалып, бұрышталады. Барлығы кастрюльге салынып, солардың деңгейінде су құйылады да, қақпағы жабылып, үстінен ауыр затпен бастырылады. Содан соң кастрюль күші орташа отқа қойылып, қайнаған бойда мүлде бөсеңделеді. Сөйтіп 50-60 минут бұқтырылады.

Піскеннен кейін сүзіп алынған ет пен алма тарелкаға салынып, ал тұздығы кесеге құйылып дастарқанға өкелінеді.

САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР ҚОСЫП БҰҚТЫРҒАН ҚОЙ ЕТІ

Құрамы:

600 грамм қой еті, орташаулау 7-8 саңырауқұлақ, 3 пияз, жарты шай қасық зире, бұрыш пен тұз татымына қарай.

Дайындау тәсілі:

Семіз қой етінің әрбір кесегі 15-20 грамнан келетіндей етіліп туралады. Сүйегі болса ол да сол мөлшерде шабылады. Тұздалып, бұрышталады. Зере салынады. Ұсақтап туралған пияз қосылып араластырылады да, беті жабылып қойылады. Осы кезде саңырауқұлақты жақсылап жуылады да төртбұрышпап немесе ұзындығы 5-7 сантиметр, ені 3-4 сантиметр, қалыңдығы 1 сантиметр болатындай етіліп туралады. Содан соң ет пен саңырауқұлақ қосылады да, эмальды кастрюльге салынып, үстіне ет пен саңырауқұлақ батып жататындай су құйылады. Қақпағы жабылып, үстінен ауыр затпен бастырылады да, отқа қойылады. Бір қайнағаннан кейін оттың күші барынша азайтылып, 60-70 минут бұқтырылады.



Піскеннен кейін ет пен саңырауқұлақ келсермен сүзіп алынады да, тарелкаларға салынып, дастарқанға өкелінеді. Ал тұздығы кесеге құйылып бөлек беріледі.



ОЙДАҒЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ОҢАЙ ЕМЕС

ТОҚТЫ. Уақыт жай-барақаттың көтермейді. Бір уақытта әр-алуан мәселені бірдей шешуге тура келеді.

Алайда қиындықтардың бәрін жеңуге болады, тек табандылық пен шыдам керек. Алғашқы ретте бірден реттеле қалмады деп қол қусырып қарап отырмаңыз. Тіпті көңіліңіз де бұзылмасын. Бәрін жинақтап күш-жігер салсаңыз, алынбайтын қамал жоқ. Белсенді, әрі батыл болыңыз.

Жұмыс барысында да жұктеме көп. Жауапкершілік те жетеді. Тоқтылардың кейбірі, бәлкім жұмыс орнын ауыстырады, немесе қосымша білім алады. Шығынға ұшырамау үшін қаржы мәселесінде абай болу керек.

Бұл кезеңде төртпі, салқынқандылық және өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білу өте маңызды. Қимылдай білсеңіз, жемісін де көресіз. Кейбіреулер жаңа тәжірибе жинақтайды. Алдағы уақытта оның керегі бар. Кейбіреулер жаңа одақтасстар табады. Ал олар қажет кезде көмекке келеді.

ТОРПАҚ. Барлық жағынан өте сәтті ай. Бастапқы кезеңде ұсақ-түйек келеңсіздіктер орын алуы мүмкін. Мәселен, жұмыста әншейін бір дау-дамай, жақын адамыңызбен арадағы түсінбеушілік. Себебісіз жүйке тоздыру, сабырсыздық. Бірақ бұл кезең тез аяқталады. Ешқандай есепі болмайды. Әрі қарай барлық бастамаларыңыз тек табысқа өкеледі.

Айдың бас жағында бастамашыл бола біліңіз. Бойыңыздағы күш-жігерді дұрыс бағытқа жұмсаңыз. Істелген жұмыстың қайтарымы бар. Басшылық алғыс айтып мадақтайды, тіпті қаржылай да сыйақы болуы мүмкін. Ең бастысы бәрінен бұрын өз мүдденіңізді ойлаңыз, басқалардың жүгін өзіңізге артуға жол бермеңіз.

Жеке өмірде барлығы да сәтті. Алайда әріптесіңізбен тіл табыса біліңіз. Жұбын іздеп жүргендер үшін кездейсоқ кездесу немесе таныстық болады.

ЕГІЗДЕР. Қиындыққа толы ай. Жағымсыз жаңалықтар, жұмыс орнында дау-дамай, жақын адамдармен түсінбеушілік болуы мүмкін. Бұның барлығы жүйкеңізді шаршатып, жұмыста еңбек өнімділігіңіз төмендейді. Мұрагерлік, қарыз, немесе алимент мәселесі өте өзекті. Егіздер бұл мәселелерге барынша назар аударуы керек.

Қиын кезең тез бітеді, кедергілердің бәрі артта қалады. Бітімгершілік, өз-өзін ұстай білу жұмыста да, жеке өмірде де, достық қарым-қатынаста да өте маңызды. Айналаңызға жақсы әсер қалдыра алсаңыз көптеген қиындықтардың алдын аласыз.

Айдың екінші жартысы сәтті кезең. Жаһандық проблемалардың бәрін шешіп тастамағанмен көңілдегі нәтижеге қол жеткізу үшін не істеу керектігі түсінікті болады. Серіктесімен дау-

дамайға келген Егіздердің өмірінде үйлесімділік, өзара түсінушілік орын алады. Демек әлі жұбын таппағандар жаңа таныс тауып, соңы жақсы қарым-қатынасқа ұласады.

ШАЯН. Қиын кезең. Іскер әріптестеріңіздің тарапынан міндеттемеге салғырт қарау, уәделердің орындалмауы, көңілқалушылық орын алады. Айдың бас жағында қаржылық міндеттемелерге аса мән беріңіз. Қажетсіз шығындардан сақтаныңыз. Ойланбай сатып алған дүниемүлктің де қуанышы көп болмас.

Салқынқандылық танытыңыз. Басқалардың да мүддесін ескеріңіз. Асығыс шешім шығармаңыз. Сонда ғана жақын адамдармен, әріптестеріңізбен және басшылықпен қарым-қатынасыңызды сақтап қала аласыз. Одан бөлек қиын уақытта қолдау да табасыз.

Айдың екінші жартысында бұрынғы достардан да, жаңа таныстардан да көмек болады. Барлық қиындықты жалғыз жеңем деу мүмкін емес. Жан-жағыңызға өтініш айтсаңыз, қуана-қуана көмекке келетіндер бар.

Айдың соңғы жағы қолайлы, бұған дейінгі жасаған тірліктің қайтарымын көресіз.

АРЫСТАН. Оқиғаларға толы қызықты, белсенді ай. Көп жұмыс істеуге дайын болыңыз. Әдеттегіге қарағанда міндеттемелерді орындауға көп күш жұмсайсыз. Жалпы сәтті ай. Жұмсаған уақытыңыз, күшіңіз өз-өзін ақтайды. Мүлік мәселесін шешкісі келіп жүрген, қозғалмайтын мүлкті сатқысы немесе сатып алғысы келіп жүрген, үй салғысы келіп жүрген Арыстандар үшін өте табысты кезең. Инвестиция туралы ойланп жүрсеңіз құр ойдан іске көшетін уақыт.

Кейбір Арыстандардың көңіл-күйі соншалықты керемет емес. Алайда алаң көңілдің де пайдасы бар. Қабылданған шешім нақты, әрі кейбір сәттерді тереңірек ойлануға мүмкіндік бар. Айдың екінші жартысы бизнеске де, карьераға да, тіпті махаббатқа да қолайлы.

БИКЕШ. Айналадағылармен тіл табысу өте қиын. Алайда сабыр сақтап, өз ойыңызды сыпайы түрде айналаңызға жеткізе білсеңіз, бәрі де ойдағыдай болады. Қайсыбір істі болмасын соза берудің қажеті жоқ. Ұсақ-түйектің өзіне де назар аударып, табандылық танытыңыз.

Айдың ортасы барлық жағынан қолайлы. Әсіресе өз-өзін жетілдіруге жаңадан білім алуға және рухани жағынан дамуға. Ескеретін бір жайт, егер де жұмысыңыз қаржыға байланысты болса, аса сақ болыңыз. Қателікке ұрынуыңыз мүмкін.

Айдың соңғы жағында іс барысында кедергілер болуы мүмкін. Көңіліңіз құлазымасын. Ұзаққа бармайды. Табандылық танытсаңыз бәрі де орнына келеді.



СОЯ. Құрамындағы жоғары ақуыздан басқа В1, темір, мырыш, фосфор және магний арқылы жүрек ауруларының алдын алуда тиімді. Зерттеулер көрсеткендей күніне 25 грамм соя үнемі тұтыну жүрек ауруының қаупін азайтады.

ЗЫҒЫР ТУҚЫМЫ. Оның құрамында қанықпаған май қышқылдары, калий, талшық, Е дәрумені және өмега-3 бар. Зығыр тұқымы жүрек ауруын қорғайтын ерекшелікке ие. Күн сайын 1 ас қасық зығыр дәннің йогурт, сорпа сияқты тағамдарға қосу арқылы тұтынуға болады.

АРПА. Көмірсу қоймасы арпа құрамында В6 дәрумені, темір, мырыш бар. Бұл жаман холестеринді төмендетуге көмектеседі.

БАНАН. Құрамындағы калийдің арқасында ол минерал қоймасы болып табылады. Жоғары қан қысымы және жаман холестеринді төмендетеді.

ҚЫЗЫЛША. Калий мен фолий қышқылының бай көзі және өте төмен калорияға ие. Құрамында табиғи қант бар.

жаңғақ, бадам және орман жаңғағы қандағы жаман холестеринді азайтып, жақсы холестеринді арттыруға көмектеседі.

Күніне бір уыс бадам жеу де серотонин шығару арқылы көңіл-күйіңізге жақсы әсер етеді.

БРОККОЛИ. В дәрумені мен фолий қышқылына бай брокколидің күйзеліске, үрейге, дүрбеленге және тіпті депрессияға жақсы әсер ететіні анықталған.

ҚЫЗЫЛ ОРМАН ЖИДКЕТЕРІ. Қаражидек, таңқурай, мүкжидек, көкжидек және құлпынай сияқты орман жемістері калориясы төмен, жоғары талшықты, құрамында селен және полифенол сияқты күшті антиоксиданттық заттар болғандықтан олар көптеген созылмалы аурулардың қаупін жоқтайды.

САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР. Саңырауқұлақтар қабынға қарсы және антиоксиданттық қасиеттерінің арқасында жүрекке өте пайдалы.

ҚЫЗНАҚ. Қызанақ құрамындағы ликопеннің арқасында жүрек-қан тамырлары аурулары мен инфаркт қаупін азайтады,

қызықты идеялар орын алады. Ең бастысы көп мақтанбай, салқынқандылықты сақтап қалу керек. Сол кезеңде болашағыңызға мықты іргетас қалысыз.

ТАУЕШКІ. Тауешкілер үшін де қызықты ай. Айдың бас жағында ұсақ-түйек міндеттемелер көп. Оның көпшілігі сізге тиесілі болмаса да, орындауға, шешуге тура келеді. Ашуланбаңыз, бұл кезең де аяқталады. Өйне, міндеттеменің көптігі ешкімге де ұнамайды, алайда ұсақ-түйекке назар аудару, сабыр, етерді сақтау барлығын да оң шешуге ықпал етеді. Жеңілеткікке салынып, ұқыпсыздық танытсаңыз қате шешімдерге жол беруіңіз мүмкін. Сондықтан да көңілде кішкене күмен болса әрбір ақпаратты нақтылап, тексеріп алсаңыз, қателіктен сақтанасыз.

Айдың екінші жартысы Тауешкілер үшін қолайлы. Достарыңыз, жақындарыңыз қолдау көрсетеді, иығыңыздағы ауыр жүктен құтыласыз. Жұрт алдында көп боласыз, пайдалы, қызықты, іскерлік, махаббат кездесулері жеткілікті. Осы уақытқа дейін өзіңіздің ұнатып жүрген адамыңыз сезіміңізге жауап беруі мүмкін.

СУҚҰЙҒЫШ. Сәуірдің бар құны қолайлы. Шығармашылық қабілеттілік қиына жетіп тұр. Егер де кәсібіңіз өнермен байланысты болса, онда жаңа идеялар өте табысты, әрі сурансызқа ие. Шығармашыл емес адамдар үшін де әрбір міндеттемені шешкенде шығармашылықпен қарау табысты болмақ.

Айдың бірінші жартысына жоспарланған саяхаттардың, іссапарлардың жемісі мол. Жеке қарым-қатынаста сәтті, махаббатқа толы. Бұрынғы өкпені, дау-дамайды артта қалдырып, татуласып, өзара түсіністік табатын кез.

Шешімді сезіммен емес, біліммен, логикамен және тексерілген мәліметтермен қабылдаған дұрыс. Өйтпесе қателікке бой алдырып, ұзақ уақыт сол қателіктің салдарын жөндеуге кетеді.

Айдың соңғы жағында есепсіз шығындардан тартыныңыз. Өйткені ақша мәселесі күткендегіден де қиын. Демалысты ұмытпаңыз. Көңіл көтергенде қиындықты еңсеру оңай.

БАЛЫҚТАР. Оқиғаларға толы өте қызықты ай. Үрейге бой алдырудың қажеті жоқ. Сезімге бой бермей, объективті фактілерге жүгініңіз. Өмір өз ағымымен өтіп жатқанына, жағдайдың соншалықты қиын еместігіне көз жеткізесіз. Өз-өзіңізді жеңе алсаңыз көз алдыңызда бәрі де жақсыға өзгереді.

Айдың екінші жартысы өз-өзін дамытуға келіссөздер жүргізуге, іскерлік байланыстар орнатуға қолайлы. Өз түйсігіңізді тыңдаңыз. Кез-келген жағдайда алып шығайды.

Айдың соңғы жағында адамдармен қарым-қатынаста қиындық бар. Алайда сыпайылық, нәзіктік өзара түсіністік табуға ықпал етеді.